

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 15 қарашада № 14419 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т.қараңыз

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-3) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы:

1) Қағидалардың 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 55-тармағын, 128, 137, 138, 139-тармақтарын;

2) Қағидалардың жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бөлігіндегі 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 15-тармағының жетінші бөлігін, 16, 35, 36, 38, 40, 42, 60-тармақтарын және 80-тармағының 4) тармақшасын;

3) Қағидалардың 2017 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 72-тармағының екінші бөлігін, 79-тармағының екінші бөлігін қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

7. Қағидалардың 72-тармағының бірінші бөлігі және 79-тармағының бірінші бөлігі 2017 жылғы 1 маусымға дейін қолданылады.

Ұлттық Банк

Төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

_____ **Б. Бекетаев**

2016 жылғы 18 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

_____ **Т. Дүйсенова**

2016 жылғы 13 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ **Б. Сұлтанов**

2016 жылғы 15 қыркүйек

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 19, 24-баптарына, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 52-3) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 4-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және банктердің (оның ішінде делдал банктердің), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктер) Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібін, төлем құжаттарын ресімдеу нысандары мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ банктердің, банктердің төлем агенттері мен қосалқы төлем агенттерінің және төлем ұйымдарының төлем қызметтерін көрсеткенін растайтын құжаттың мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы Қағидалар "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) белгіленген талаптар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде бастама жасалған, шарттарда және банктік тәжірибеде қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерінде реттелетін халықаралық қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарына байланысты қатынастарға қолданылмайды.

Қағидалардың қолданысы төлем карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырылатын төлемдерге және (немесе) ақша аударымдарына, Қазақстан Республикасының аумағында аударым және жай вексельдермен операцияларды жүргізуге және чектерді қолдануға байланысты қатынастарға қолданылмайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі төлем құжаттарының ресімделуін,

төлем құжаттарының ұсынылуы мен орындалуын, банк шотын ашпастан қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру ерекшеліктерін, банк шотын тікелей дебеттеу арқылы қолма-қол ақшасыз төлемнің орындалуын қамтиды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 1-бабында көзделген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақша аударуға өтініш – ақша жөнелтушінің Қағидалардың 17-тармағында көзделген жағдайларда қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде пайдаланатын төлем құжаты;

2) дебеттік аударымдар – ақша жөнелтушінің төлеуі үшін бенефициардың банкке төлем талабын, төлем ордерін, инкассолық өкімді ұсынуы арқылы жүргізілетін қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

3) картотека – ақша жөнелтушінің банк шотында оларды орындау үшін қажетті ақша сомасы жоқ болғанда не жеткіліксіз болған кезде орындалмаған және (немесе) ішінара орындалған төлем құжаттарын баланстан тыс есепке алу;

4) кредиттік аударымдар – бастамашының ақша жөнелтушінің банкіне төлем тапсырмасын, жиынтық төлем тапсырмасын, төлем ордерін, төлем хабарламасын немесе ақша аударуға өтінішті ұсынуы арқылы жүргізілетін қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

5) уәкілетті адамдар – Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) талаптарына сәйкес (құрылтай құжаттары, сенімхат, бұйрық, өзге құжаттар) заңды тұлғалардың, заңды тұлғалардың оқшауланған бөлімшелерінің (филиалдар, өкілдіктер, аумақтық оқшауланған бөлімшелері) атынан клиенттің банк шотын жүргізуге (банк шотындағы ақшаны басқаруға) байланысты операцияларды жүргізу кезінде төлем құжаттарына қол қоюға өкілеттік берілген адамдар.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған шоттардан қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 97-100-1-баптарында және "Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) айқындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының аумағындағы қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 25, 45-57-баптарының, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заң) 7-бабының, КЖТҚҚ туралы заңның 5, 7, 12 және 13-баптарының талаптарына және Қағидаларға сәйкес теңгедегі немесе шетел валютасындағы банк шоттарын пайдалана отырып және банк шоттарын ашпастан жүзеге асырылады.

Банк шоттарын ашпастан жүзеге асырылатын қолма-қол ақшасыз төлемдерге және (немесе) ақша аударымдарына ақша жөнелтуші және (немесе) бенефициар банк шоттарын пайдаланбастан жүзеге асыратын және ақша жөнелтуші көрсеткен бенефициардың пайдасына аудару үшін қолма-қол ақшаны салу және (немесе) бенефициардың қолма-қол ақшаны алуы арқылы жүргізілетін төлемдер мен ақша аударымдары жатады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары электрондық нысанда немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылған, сондай-ақ қашықтан кіру жүйесін пайдалана отырып, банк жүйесінде қалыптастырылған жөнелтушінің төлем құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

Қағаз тасымалдағышта жасалатын төлем құжаттарының нысандары Қағидаларда айқындалады. Электрондық нысанда жіберілетін төлем құжаттары төлем құжатының әрбір түрі мен нысаны үшін Қағидаларда белгіленген деректемелерді қамтиды.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың қағаз тасымалдағышта ұсынатын төлем құжаттарындағы уәкілетті тұлғалардың қолдары мөр бедерімен бекітіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Төлем құжаттары

1-параграф. Төлем құжаттарын ресімдеу

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Шетел валютасында ақша аударуға арналған өтінішті қоспағанда, қағаз тасымалдағыштағы және (немесе) электрондық нысандағы төлем тапсырмасында, төлем талабында, инкассолық өкімде, төлем ордерінде, төлем хабарламасында және аударуға арналған өтініште (бұдан әрі – төлем құжаты) мынадай деректемелер қамтылады:

1) төлем құжатының атауы;

2) төлем құжатының нөмірі, оның цифрлармен көрсетіліп жазылған күні, айы, жылы.

Қағаз тасымалдағышта берілген төлем құжаттарында айды жазумен белгілеуге жол беріледі;

3) заңды тұлғаның, филиалдың, өкілдіктің, аумақтық оқшауланған өкілдіктің (бұдан әрі – оқшауланған бөлімшелер) ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, толық немесе қысқартылған атауы;

4) дара кәсіпкердің толық немесе қысқартылған атауы, ақша жөнелтушінің және бенефициардың ұйымдық-құқықтық нысаны (бар болса);

5) жеке кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкердің толық немесе қысқарған атауы, ақша жөнелтушінің және бенефициардың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

6) ақша жөнелтуші жеке тұлғаның және бенефициардың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

7) ақша жөнелтушінің және бенефициардың жеке сәйкестендіру коды.

Жеке тұлғада жеке сәйкестендіру коды болмаған жағдайда, оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ пошталық мекенжайы (ел, қала, көше, үйдің және пәтердің нөмірі) көрсетіледі.

Аты мен әкесінің атын (ол бар болса) инициалдармен көрсетуге жол беріледі;

8) ақша жөнелтуші банктің және бенефициар банктің ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, толық немесе қысқарған атауы, олардың банктік сәйкестендіру кодтары;

9) төлем белгілеу, сондай-ақ оның код белгіленімі.

Төлем құжаттарындағы төлем белгілеудің код белгіленімінің дұрыс көрсетілуін бастамашы қамтамасыз етеді;

10) цифрлармен және жазумен көрсетілген төлем сомасы. Жазумен берілген сомадағы тиындар цифрлармен көрсетіледі;

Егер цифрлармен көрсетілген төлем сомасы тиын көрсетілмей теңгемен берілсе, онда тиын жазумен берілген сомада көрсетілмейді;

11) Қағидаларда көзделген, сондай-ақ ақша жөнелтуші немесе бенефициар шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар болып табылған жағдайларда жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) (бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН) көрсету талап етілмейтін төлем құжаттарын қоспағанда, ақша жөнелтушінің және бенефициардың ЖСН немесе БСН.

Ақша жөнелтушінің ЖСН (БСН) көрсету талап етілмейтін төлем құжаттарында ақша жөнелтушінің (жеке және заңды тұлғалар үшін) мекенжайы не ақша жөнелтушінің (жеке тұлға үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері көрсетіледі;

12) ақша жөнелтушінің коды (Ажк) және бенефициардың коды (Бек);

13) бастамашының немесе оның уәкілетті адамдарының қойылған қолдары.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7-1. Банк шоттары бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу кезінде төлем құжатындағы Қағидалардың 7-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 11) және 12) тармақшаларында көзделген бенефициар бойынша деректемелердің орнына төлем жүйесінің жұмыс істеу талаптарына сәйкес бастамашының балама сәйкестендіргішті ғана көрсетуіне жол беріледі.

Осы тармақтың мақсаттары үшін балама сәйкестендіргіш деп жекелеген деректемелер, оның ішінде клиентті сәйкестендіруге және төлем жүйесі арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әріптік-цифрлық символдар түсініледі.

Ескерту. 1-параграф 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2018 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-параграф 7-2-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Төлем талабы мен инкассолық өкімді қоспағанда, қағаз тасымалдағышта орындалған төлем құжаттарында бастамашының немесе оның уәкілетті адамдарының қолдары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен бекітілген Клиенттердің банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында көзделген нысан бойынша ұсынылған қол қою үлгілері бар құжатта көрсетілген қолдарға (қойылған қолға) сәйкес келеді.

Электрондық нысандағы төлем құжатына бастамашының немесе оның уәкілетті адамдарының электрондық цифрлық қолтаңбалары қойылады немесе төлем құжатын бастамашы немесе оның уәкілетті адамы жасағанын растайтын Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56-бабында көзделген қорғаныш іс-әрекеттерінің өзге де элементтерімен куәландырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Бюджетке төлемдер жасауға арналған төлем құжатын, сондай-ақ жиынтық төлем тапсырмасын қоспағанда, ақша жөнелтуші мен бенефициардың атауы, сондай-ақ олардың жеке сәйкестендіру кодтары төлем құжатында бір рет көрсетіледі.

10. Төлем құжаттарында банктің талабы бойынша салық резиденттігі туралы мәліметтерді, ақша жөнелтушінің мекенжайын не ақша жөнелтушінің (жеке тұлға үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін қоюға жол беріледі.

Валюталық шарт бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымын жүргізу кезінде төлем құжатында валюталық шарттың деректемелері және (немесе) оның есепке алу нөмірі, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары) сәйкес ақша төлемі (немесе) аударымын жүргізу үшін талап етілетін валюталық операция бойынша ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Төлем құжаты, төлем құжатын кері қайтару туралы немесе төлем құжатының орындалуын тоқтата тұру туралы өкім санкцияланбаған төлемдерден қорғау іс-қимылдарының тәртібі сақталған жағдайда ғана қалыптастырылады және электрондық нысанда жіберіледі.

12. Банк төлем құжатын, төлем құжатын кері қайтару туралы немесе төлем құжатының орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді санкцияланбаған төлемдерден және (немесе) ақша аударымдарынан қорғау іс-қимылдарының тәртібін, сондай-ақ Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56-бабында және Қағидаларда белгіленген қорғаныш іс-қимылдарының өзге элементтерін сақтай отырып, факсимильдік байланыс арқылы береді.

13. Төлем құжаты қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жасалады.

Банк пен оның клиенті арасындағы шартта белгіленген жағдайларда төлем құжаттарын өзге тілдерде қосымша жасауға жол беріледі.

14. Салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын уәкілетті органның (бұдан әрі – мемлекеттік кірістер органдары), сот орындаушыларының

инкассалық өкімдерін және қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алуға арналған төлем талаптарын қоспағанда, төлем құжаттарында оларды ішінара орындау туралы талаптарды көрсетуге жол берілмейді.

2-параграф. Төлем тапсырмасы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Төлем тапсырмасы төлем тапсырмасында көрсетілген сомада және ондағы деректемелерге сәйкес бенефициардың пайдасына қолма-қол ақшасыз төлем және (немесе) ақша аударымы туралы ақша жөнелтушінің банкке тапсырмасын білдіреді.

Ақша жөнелтуші қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын бенефициардың пайдасына Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асыру үшін банкке Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмасын ұсынады.

Бюджетке төлемдерді төлеу кезінде ақша жөнелтуші Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмасын ұсынады.

Ақша жөнелтушінің Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмасын ұсынуына жол беріледі.

"Төлем белгілеу" бағанында ақша жөнелтуші төлемнің белгіленуін, қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың (ол бар болса) атауын, нөмірі мен күнін және Қағидаларда көзделген өзге деректемелерді көрсетеді, сондай-ақ "төлем белгілеу коды" бағанында төлемнің код белгіленімі көрсетіледі.

Бюджетке төлемдерді төлеу кезінде төлем тапсырмасында бюджеттік жіктеу кодының цифрлық белгіленімі көрсетіледі. Бюджеттік жіктеу кодын төлем тапсырмасында дұрыс көрсетуді жөнелтуші қамтамасыз етеді.

Заңды тұлға бюджетке төлемдерді, сондай-ақ өзінің оқшауланған бөлімшелері үшін міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеген кезде "төлем белгілеу" бағанында бастапқыда заңды тұлғаның төлем жүзеге асырылатын оқшауланған бөлімшесінің БСН және оның атауы, содан кейін төлемнің белгіленуі көрсетіледі.

Көлік құралының салығын төлеу кезінде (оның ішінде электрондық қондырғы арқылы) "төлем белгілеу" бағанында мынадай жүйелілікпен "VIN" сөзі, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, "/V" символдары, төлемнің белгіленуі көрсетіледі.

Сот орындаушысы атқарушылық өндіріс шеңберінде борышкердің міндеттемелері бойынша бюджетке төлемдерді төлеген кезде мынадай жүйелілікпен "төлем белгілеу" бағанында алдымен төлем жүзеге асырылатын борышкердің ЖСН, оның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не тегі мен инициалдары, төлемнің белгіленуі көрсетіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша айыппұлдар төлеу кезінде "төлем белгілеу" бағанында мынадай жүйелілікпен "ADM" сөзі, әкімшілік материалдың сәйкестендіру нөмірі, "/A" символдары, төлемнің белгіленуі көрсетіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақ алып тастау көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақтың қолданысы 11.11.2024 дейін тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, осы абзацтың қолданылуы тоқтатыла тұрсын - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 қаулысымен.

16. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеу үшін қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде жөнелтуші төлем тапсырмасымен бір уақытта банкке көрсетілген жарналар және (немесе) аударымдар төленетін адамдардың тізімін ұсынады.

Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдар және (немесе) жарналар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін адамдардың тізімдері (бұдан әрі – тізім) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32897 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 270 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32957 болып тіркелген) бекітілген Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30

маусымдағы № 520 қаулысымен бекітілген Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 525 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес ресімделеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақша аударуға арналған өтініш мынадай:

- 1) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ұлттық немесе шетел валютасындағы;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасындағы;
- 3) банктік шотты ашпастан Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде пайдаланылады.

Бейрезиденттің пайдасына, Қазақстан Республикасынан тысқары қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде ақша аударуға арналған өтініште бенефициардың ЖСН (БСН) талап етілмейді.

Банктің ақшаны аударуға арналған өтінішінің өзге нысанын онда Қағидалардың 7-тармағында көзделген міндетті деректемелер болған кезде пайдалануына жол беріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

18. Төлем тапсырмасы немесе ақшаны аударуға арналған өтініш банкке оларда көрсетілген жазылу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынылады. Ақша жөнелтуші Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық валютада қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру үшін банктік шот болған кезде банкке Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмасын ұсынады. Қызмет көрсететін банкпен келісім бойынша ақша жөнелтуші төлем тапсырмасында немесе ақша аударуға арналған өтініште валюталау күнін көрсетеді.

19. Банктің талабы бойынша ақша жөнелтуші Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 23-бабында, Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33512 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 1054 бірлескен қаулысымен және бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Экспорттық-импорттық валюталық бақылау қағидалары) көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Бір ақша жөнелтушіден бір банкте қызмет көрсетілетін бірнеше бенефициардың пайдасына қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырған кезде, не ақша жөнелтушінің банкі бірнеше ақша жөнелтушінің бір бенефициардың пайдасына нұсқауларды орындаған кезде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық төлем тапсырмасын пайдалануға жол беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Қағаз тасымалдағышта ресімделген жиынтық төлем тапсырмасына Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша ақша жөнелтушілердің тізілімі не бенефициарлардың тізілімі (бұдан әрі – тізілім) қоса беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-тармақ алып тастау көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Тізілімде тізілім қоса берілетін жиынтық төлем тапсырмасының нөмірі мен күні, сондай-ақ ақша жөнелтушілердің немесе бенефициарлардың деректемелері, ақша жөнелтушілер немесе бенефициарлар бойынша ақша аударымдарының сомасы және ақша аударымының жалпы сомасы көрсетіледі.

Тізілімде көрсетілген жалпы сома жиынтық төлем тапсырмасында көрсетілген сомаға сәйкес келеді. Егер бұл ақша жөнелтушінің банкі арқылы белгіленсе, ақша жөнелтушінің банкіне тізілімді электрондық нұсқада ұсынуға жол беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

23-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Ақша жөнелтушінің банкі жиынтық төлем тапсырмасын тізіліммен Қағидаларда белгіленген төлем құжаттарын ресімдеуге және ұсынуға қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырады және тізілімде көрсетілген ақшаның жалпы сомасының жиынтық төлем тапсырмасының сомасына сәйкестігін тексереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

24-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Бенефициардың банкі ақша жөнелтушінің тізілімде көрсетілген деректемелері негізінде бенефициарлардың пайдасына ақша есептеуді жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

25-тармақ алып тастау көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Электрондық нысанда ұсынылатын жиынтық төлем тапсырмалары банк пен клиент арасында белгіленген ақпаратты беру өлшемдеріне сәйкес тізілімді қоса бермей қалыптастырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

26-тармақ алып тастау көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Ақша жөнелтушінің банкі бір бенефициардың пайдасына ақша жөнелтушілердің бірнеше нұсқауларының негізінде қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде жиынтық төлем тапсырмасын пайдалануға жол беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

27-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Бенефициардың банкі ақша жөнелтушілердің (бенефициарлардың) тізілімде көрсетілген деректемелерінде қателер анықтаған жағдайда, банк қате жіберілген нұсқауды қоспағанда, жиынтық төлем тапсырмасын орындайды және қате нұсқауды алған күннен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей ол бойынша соманы қайтаруды жүзеге асырады.

3-параграф. Төлем ордері

28. Клиент пен оның банкі арасында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде, сондай-ақ клиенттің банктік шотына қызмет көрсеткен кезде Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем ордері пайдаланылады.

29. Төлем ордерінің нысанында Қағидаларда көзделген міндетті деректемелер болған кезде банктің төлем ордерінің өзге нысанын пайдалануына жол беріледі.

Төлем ордерінде банктің (ақша жөнелтуші банкінің және бенефициар банкінің) атауы бір рет көрсетіледі.

Төлем ордерінде банктің клиент туралы қосымша мәліметтерді және банкке осы төлем ордерін өңдеуге қажетті мәліметтерді қоюына жол беріледі.

30. Клиент пен оған қызмет көрсететін банк арасындағы шартта көзделген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғаудың іс-қимыл тәртібі сақталған жағдайда, төлем ордерін электрондық нысанда ресімдеуге және ұсынуға жол беріледі.

31. Бастамашы төлем ордерін онда көрсетілген, оны жазған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ұсынады.

Клиент не оған қызмет көрсететін банк төлем ордерін ұсыну бастамашысы болып табылады.

32. Банк қағаз тасымалдағышта жасалған, бастамашысы банк болып табылатын төлем ордеріндегі қол қою құқығына ие уәкілетті адамдардың санын, сондай-ақ осындай төлем ордерінде мөртабан немесе мөр бедерін қою қажеттілігін айқындайды.

33. Егер бұл клиент пен оған қызмет көрсететін банк арасындағы шартта көзделсе, төлем ордерінде валюталау күні көрсетіледі.

4-параграф. Төлем хабарламасы

34. Төлем хабарламасы бенефициардың пайдасына ақша аудару және (немесе) бенефициар қолма-қол ақшаны алу үшін жөнелтушінің ақша жөнелтушінің банкіне қолма-қол ақша салу арқылы ақша жөнелтушінің банктік шотты ашпай қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

Бұл ретте заңды тұлғалар және олардың оқшауланған бөлімшелері жүзеге асыратын қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары заңды тұлғалардың бюджетке төлемдерді, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды төлеуін қоспағанда, олардың банк шотын ашқан кезде ғана жүргізіледі.

Заңды тұлғаның банк көрсететін қызметтерді бір ай ішінде бір мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде қолма-қол ақшаны салу арқылы төлеуіне жол беріледі.

35. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 248-бабына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын банкке қолма-қол ақшамен салуға құқығы бар адамдардың банктік шотты ашпай немесе пайдаланбай төлем хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын банктік шотты ашпай немесе пайдаланбай жүзеге асырған кезде Қағидаларға 7, 8, 9, 10 және 11 -қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша төлем хабарламалары (бұдан әрі – төлем хабарламалары) түрінде түбіртектердің нысандары пайдаланылады. Төлем хабарламасында Қағидаларда көзделген міндетті деректемелер болған кезде оның өзге нысанын пайдалануға жол беріледі.

Банк шотын ашпай қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру бюджетке төлемдерді төлеуге арналған түбіртектер, кіріс касса ордерлері, хабарлама-шоттар, түбіртек-хабарламалар, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға арналған түбіртек-хабарламалар, әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай төлемді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ) төлеуге арналған түбіртек-хабарламалар және қолма-қол ақшаны қабылдау үшін пайдаланылатын басқа құжаттар негізінде жүргізіледі. Бұл құжаттар төлем хабарламалары болып табылады. Қағаз тасымалдағышта ұсынылған төлем хабарламаларына түзетулер жасауға рұқсат етілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері банктік шотты ашпай банктің электрондық терминалдары арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол ақшасыз төлемдерге және (немесе) ақша аударымдарына қолданылмайды.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

37. Бюджетке төлемдерді банктік шотты ашпай немесе пайдаланбай төлеу үшін:

- 1) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлға;
- 2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат немесе медиатор;
- 3) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлға төлем хабарламаларын ұсынады.

38. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын банктік шотты ашпай немесе пайдаланбай төлеу үшін Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем хабарламасы ұсынылады.

39. Әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай төлемді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа банк шотын ашпай немесе пайдаланбай төлеу үшін төлем хабарламасы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Төлем хабарламаларында Қағидалардың 7-тармағында белгіленген міндетті деректемелер болады.

Осы тармақтың ережелері коммуналдық қызметтер үшін ақы төлеуге, жеке тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың бюджетке төлемдерді төлеуге арналған түбіртек-хабарламаларына, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға және әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай төлемді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа төлеуге арналған түбіртек-хабарламаларына қолданылмайды.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

41-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Заңды тұлға өзінің оқшауланған бөлімшелері үшін бюджетке төлемдерді төлеген кезде төлем хабарламасында заңды тұлғаның атауы, БСН, мекенжайы және телефоны көрсетіледі. "Төлемнің атауы" бағанында мынадай жүйелілікпен төлемнің атауы, міндеттемелері бойынша төлем жүзеге асырылатын заңды тұлғаның БСН және оқшауланған бөлімшесінің атауы, төлемнің белгіленуі көрсетіледі.

Көлік құралдарына салық төлеген кезде "Төлемнің атауы" бағанында көлік құралының сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Бұл деректеме төлем хабарламасының "Төлемнің атауы" бағанында "Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салық" жазуының астында мынадай жүйелілікпен көрсетіледі: "VIN" деген сөз, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, "/V" символдары.

Бюджетке төлемдерді төлеуге арналған төлем хабарламасында оның атауына сәйкес келетін бюджеттік жіктеу коды көрсетіледі. Бенефициар деректемелерінің және бюджеттік жіктеу кодының дұрыс көрсетілуін жөнелтуші қамтамасыз етеді. Салық төлеушінің ақша жөнелтушінің банкіне қолма-қол ақшаны енгізу күні ақша жөнелтушінің төлем хабарламасында көрсетілген күнмен сәйкес келуге тиіс.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

42-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе әлеуметтік аударымдарды

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, аударымдарды және (немесе) жарналарды әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеуге арналған, елуден астам бенефициары бар төлем хабарламасы ақша жөнелтушінің банкіне Қағидалардың 16-тармағында айқындалған тәртіппен ұсынылады.

43. Төлем хабарламаларында ақша жөнелтушінің жеке басын және орналасқан жерін және бенефициардың орналасқан жерін белгілейтін қосымша деректер (жеке басын куәландыратын деректер, телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) көрсетіледі. Коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған төлем хабарламасын қоспағанда, төлем хабарламасында валюталау күнін көрсетуге жол беріледі.

44. Төлем агенттері және қосалқы төлем агенттері Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 13 және 14-баптарының және Қағидалардың талаптарына сәйкес төлемдік қызметтерді көрсету бойынша шарттар негізінде қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

5-параграф. Төлем талабы

45. Төлем талабы бенефициардың ақша жөнелтушіге төлем талабында көрсетілген ақша сомасын төлеу туралы нұсқауын білдіреді.

46. Бенефициар төлем талабын бенефициардың банкіне не тікелей ақша жөнелтушінің банкіне Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын төлем құжаттарына екінші қол қою құқығына ие адамның тегін, атын және әкесінің атын (ол болған кезде) және қолын көрсетпей ұсынуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Бенефициар бенефициардың банкіне бірнеше төлем талабын ұсынған жағдайда, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем талаптарының тізілімі қоса беріледі.

Мынадай:

1) төлем талабы бенефициардың банкінен айналып өтіп ақша жөнелтушінің банкіне ұсынған;

2) бенефициар мен ақша жөнелтушіге бір банкте қызмет көрсетілген;

3) бір мезгілде бенефициар және бенефициардың банкі болып табылатын адам ақша жөнелтушінің банкіне бірнеше төлем талабын ұсынған жағдайларда, төлем талаптарының тізілімін қоса беру талап етілмейді.

48. Төлем талабы төлем талаптарының тізілімімен бірге бенефициардың банкіне ұсынылады, ол бенефициардың барлық деректемелерінің толық толтырылғанын

тексеріп, төлем талабын Қағидаларда айқындалған тәртіппен ақша жөнелтушінің банкіне жібереді.

49. Төлем талабының банкке келіп түскен күні төлем талабының немесе төлем талаптары тізілімінің барлық даналарында олардың келіп түскен күні мен уақытын белгілеу арқылы тіркеледі. Төлем талабы электрондық тәсілмен ұсынылған жағдайда ақша жөнелтушінің банкі төлем талабының түскен күнін және уақытын тіркейді.

Төлем талабын орындауға қабылдау немесе төлем талабын орындаудан бас тартуды банк, қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіру үшін ұсынылған төлем талабын қоспағанда, банктің операциялық күні ішінде жүргізеді.

Қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіру үшін төлем талабын орындау немесе оны орындаудан бас тарту оны ұсынған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірмей жүргізіледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

50-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Төлем талабы және қоса берілген төлем талаптарының тізілімі оның жазылған күнін көрсете отырып, күнтізбелік он күн ішінде банкке ұсынылады.

51. Төлем талабының "төлем белгілеу" бағанында төлемнің белгіленуі, сондай-ақ төлем талабын ұсынуға негіз болған құжаттардың атауы, күні және нөмірі көрсетіледі.

52. Банк төлем талабын мыналарда:

1) ақша жөнелтушінің және ақша жөнелтушінің банкінің арасында жасалған шартта ;

2) қарыз шартында, кредиттік желіні ашу туралы келісімде немесе қарыз операциясын не кепілдік беру фактісін растайтын өзге құжатта (бұдан әрі – қарыз шарты) ақша жөнелтушінің банктік шоттан ақшаны алып қоюға келісімі болған кезде, ақша жөнелтушінің банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы орындайды.

53. Қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын банк, банктік қарыз шарттары жөнінде өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйым, ипотекалық ұйым, агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымы ақша жөнелтушінің банкіне бенефициардың ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қоюға құқығы камтылған және банктің, банктік қарыз шарттары жөнінде өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның, ипотекалық ұйымның, агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымының уәкілетті адамының

төлем талабына қол қою өкілеттігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін қоса бере отырып ұсынады. Бас бухгалтердің, сондай-ақ бас бухгалтер ретінде төлем талабына қол қойған адамның өкілеттіктерін тексеру талап етілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелері нөмірленеді, оларды банктің, банктік қарыз шарттары жөнінде өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның, ипотекалық ұйымның, агроөнеркәсіп кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымының уәкілетті адамы "Көшірмесі дұрыс" белгісін қою, лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса), куәландыру күнін көрсете отырып қол қою арқылы растайды. "Көшірмесі дұрыс" деген жазу тырнақшасыз көрсетіледі.

Ақша жөнелтушінің банкінде бұрын ұсынылған, бенефициардың банктік шоттан ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алып қоюға құқығы қамтылған растайтын құжаттар болған жағдайда, қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын кейіннен ұсынған кезде бенефициардың ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қоюға құқығы қамтылған құжаттарды оларды алғашқы ұсынған сәттен бастап алты ай ішінде қайтадан ұсыну талап етілмейді.

Ақша жөнелтушінің банкінде бұрын ұсынылған, банктің, банктік қарыз шарттары жөнінде өзіне берілген талап ету құқықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның, ипотекалық ұйымның, агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымының уәкілетті адамының төлем құжаттарына қол қою өкілеттігін растайтын құжаттар болған жағдайда, осындай адамды ауыстырған жағдайды қоспағанда, оның өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бермей төлем талабы кейіннен ұсынылады.

Төлем талаптарын банктер арасында орнатылған электрондық байланыс арналары арқылы Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56-бабында, сондай-ақ банктер арасындағы шартта белгіленген қорғау әрекеттерін сақтай отырып электрондық нысанда ұсынған кезде не ақша жөнелтушінің банкі клиент-ақша жөнелтушінің банктік шотына төлем талабын ұсынған кезде төлем талабына қол қойған уәкілетті адамның өкілеттіктерін растау талап етілмейді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Ақшаны алып қоюдың негізділігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін банктер арасында орнатылған электрондық байланыс арналары арқылы

Қағидаларда, сондай-ақ банктер арасындағы шартта белгіленген қорғаныс іс-қимылдарын сақтай отырып, жіберуге жол беріледі. Құжаттардың электрондық көшірмелеріне Қағидалардың

53-тармағында көрсетілген құжаттардың сканерленген нұсқалары жатқызылады.

55. Борышкер-ақша жөнелтушінің бір банкте ашылған банктік шоттарына бір қарыз шарты шеңберінде бір мезгілде бірнеше төлем талабын қоюға жол берілмейді.

Қарыз шарты бойынша жаңадан пайда болған мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін кейіннен төлем талабын ұсынуға жол беріледі.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55-1. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті осындай банктік қарыздар бойынша өтелмеген негізгі борыш сомасы мөлшерінде берілген банктік қарыздар бойынша кепіл нысанасы болып табылатын жинақ банктік шоттардағы ақша есебінен төлем талабымен өндіріп алуға жол берілмейді.

Ескерту. Қағида 55-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-параграф. Инкассолық өкім

56. Инкассолық өкім ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қою үшін пайдаланылатын төлем құжаты болып табылады. Инкассолық өкімді мемлекеттік кірістер органы және сот орындаушылары ұсынады.

Сот орындаушылары инкассолық өкімді Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және атқарушылық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып қағаз жеткізгіште не атқарушылық өндірістің мемлекеттік автоматтандырылған жүйесі арқылы электрондық нысанда ақша жөнелтушінің банкіне ұсынады. Бұл ретте қағаз тасымалдағышта жасалған инкассолық өкімдер, сондай-ақ мемлекеттік сот орындаушысы не жеке сот орындаушысы қағаз жеткізгіште ұсынатын атқарушылық құжаттардың көшірмелері атқарушылық құжаттарды орындау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық бөлімінің не жеке сот орындаушысының мөрімен расталады.

Егер атқарушылық құжаттың мәтінінде өзгеше белгіленбесе, ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақша алып қоюдың негізділігін растайтын атқарушылық құжат банкке бір ғана инкассолық өкімді ұсынуға негіз болып табылады.

Мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдері Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағышта немесе электрондық нысанда телекоммуникациялар желісі арқылы беру жолымен ұсынылады. Мемлекеттік кірістер

органының инкассольдық өкімдері осы өндіріп арудың негізділігін растайтын құжаттарды берусіз ұсынылады. Электрондық нысандағы инкассольдық өкім Салық кодексінің 122-бабының 6-тармағына сәйкес жіберіледі.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

57. Қағаз тасымалдағышта жасалған инкассольдық өкімдер ақша жөнелтушінің банкіне кемінде үш данада ұсынылады.

58. Ақша жөнелтушінің банкі инкассольдық өкімнің нөмірін, келіп түскен күні мен уақытын тіркейді.

59. Инкассольдық өкімде төлемнің белгіленуі және ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қою (өндіріп алу) құқығын көздейтін Қазақстан Республикасы заңының нормасына сілтеме көрсетіледі.

Атқарушылық құжатта көрсетілген төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасы:

1) борышкер борышқа ішінара ақы төлеуді өз бетінше жүргізген және атқарушылық құжатта сот орындаушысының бұл туралы белгісі бар;

2) бір атқару парағының негізінде борышты бірнеше бенефициардың пайдасына ортақ өндіріп алу жүзеге асырылатын;

3) сот орындаушысының қаулысымен мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжат бойынша берешек айқындалған жағдайларды қоспағанда, инкассольдық өкімде көрсетілген сомаға сәйкес келеді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

60-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60. Мемлекеттік кірістер органының инкассольдық өкімінде қосымша бюджеттік жіктелім кодтары, операция түрі көрсетіледі.

"Операция түрі" жолында тиісті кодтар көрсетіледі:

03 – мемлекеттік кірістер органының бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банк шотына берілген инкассольдық өкімі;

04 – мемлекеттік кірістер органының дебитордың банк шотына берілген инкассольдық өкімі;

07 – мемлекеттік кірістер органының міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешегі бар агенттің банк шотына берілген инкассольдық өкімі;

09 – мемлекеттік кірістер органының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналар бойынша берешегі бар төлеушінің банк шотына берілген инкассолық өкімі.

Мемлекеттік кірістер органының міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешекті өндіріп алуға берілген инкассолық өкімінде "бенефициар" және "бенефициар банкі" бағандарында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы көрсетіледі.

Мемлекеттік кірістер органы міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешекті өндіріп алуға арналған инкассолық өкімімен біруақытта ақша жөнелтушінің банкіне қарыздары туындаған қызметкерлердің тізімдерін ұсынады. Тізім банкке Салық кодексінің 122-бабының 6-тармағына сәйкес электрондық нысанда ұсынылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61. Сот орындаушысының инкассолық өкімі ұсынылған банктік шотта ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде ақшаны өндіріп алу борышкердің теңгедегі не шетел валютасындағы басқа банктік шотынан (шоттарынан) жүргізіледі. Банк сот орындаушысының инкассолық өкімін инкассолық өкім ұсынылған банктік шоттан өзгеше клиенттің басқа банктік шотынан (шоттарынан) орындаған кезде, банк жүйесінде инкассолық өкімді қалыптастырады онда ақшаны алып қою жүзеге асырылатын банктік шоттың нөмірі көрсетіледі.

Ақша жөнелтушінің банкі мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімдерін орындауды Салық кодексінің 122 және 123-баптарында, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кеден кодексі) 129 және 130-баптарында және Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Инкассолық өкімді жөнелтушінің банктік шотының валютасынан өзгеше валютада орындау валюта айырбастаудың төлем жасалған күніндегі нарықтық бағамын қолдана отырып жүргізіледі.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61-1. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес орындалатын халықаралық, шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдері

бойынша берілген атқару құжаттары бойынша инкассолық өкімде ақша сомасы жеке сот орындаушысының атқару құжатының валютасында көрсетіледі.

Сот орындаушысы шетел валютасында ұсынған инкассолық өкімді орындау Қағидалардың 61-тармағында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Ескерту. 2-тарау 61-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

62. Ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде инкассолық өкім осындай шотқа ақшаның келіп түсуіне қарай орындалады.

3-тарау. Төлем құжаттарын ұсыну және орындау тәртібіне қойылатын жалпы талаптар

1-параграф. Төлем құжаттарын ұсыну

63. Бастамашы банкке төлем құжаттарын жөнелтуші мен банктің арасында жасалған шартқа сәйкес электрондық нысанда немесе қағаз тасымалдағышта ұсынады. Төлем құжатын электрондық нысанда ұсынған кезде осы төлем құжатын қағаз тасымалдағышта қосымша ұсыну талап етілмейді.

64. Төлем құжатын электрондық нысанда ұсыну бенефициар мен оның банкі арасында не ақша жөнелтуші мен оның банкі арасында осындай ұсынуды көздейтін төлем құжаттарын алмасудың электрондық жүйелерін пайдалану және бағдарламалық-криптографиялық қорғау жүйесі мен электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы шарттың (келісімнің) (бұдан әрі – Электрондық жүйелерді пайдалану туралы келісім) негізінде жүзеге асырылады.

Электрондық жүйелерді пайдалану туралы келісімге төлем құжатын орындау, қайтару туралы талаптарды және банктің төлем құжатын өңдеуімен байланысты өзге де мәселелерді енгізуге жол беріледі.

65. Жөнелтуші Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56-бабында, Қағидаларда және (немесе) ақша жөнелтуші мен банктің арасында жасалған шартта белгіленген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғаудың іс-қимылдары тәртібін сақтаған кезде төлем құжаты жіберілді (ұсынылды) деп саналады.

66. Жөнелтуші төлем құжаттарын банк белгілеген операциялық күн ішінде ұсынады. Банк бастамашы төлем құжатын ұсынған күнін төлем құжатының барлық данасында олардың келіп түскен күнін және уақытын белгілеу арқылы тіркейді. Төлем құжаты операциялық күн аяқталғаннан кейін келіп түскен жағдайда, төлем құжаты ұсынылған күні мен уақыты ретінде келесі операциялық күн және осы операциялық күн басталған уақыты көрсетіледі.

Егер жөнелтушінің төлем құжатында көрсетілген валюталау күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келсе, онда келесі операциялық күн осындай күн болып саналады.

Ескерту. 66-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

67. Қағаз тасымалдағышта жасалған инкассолық өкімдерді қоспағанда, ұсынылатын төлем құжаттары даналарының санын банк дербес белгілейді.

2-параграф. Төлем құжатын орындау

68. Банк төлем құжатын Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 31-32, 35-37, 45 және 56-баптарының және Қағидалардың талаптарына сәйкес келу тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

69. Банк төлеу құжатын Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 46-52, 55-57-баптарының, Қағидалардың талаптарына және жөнелтуші мен банктің арасындағы шартта көзделген талаптарға сәйкес банктік шотта ақша болған кезде, сондай-ақ төлем құжатындағы нұсқауларға сәйкес орындайды.

70. Банк, егер Азаматтық кодекстің 740-742-баптарында өзгеше көзделмесе, жөнелтушінің төлем құжаттарын олардың келіп түскен кезектілікке сәйкес орындайды.

Төлем тапсырмасы, аударым жасауға өтініш, төлем ордері, егер банк пен жөнелтушінің арасындағы шартта өзге кезектілік көрсетілмесе, келіп түсуінің күнтізбелік кезектілігі тәртібімен орындалады.

71. Ақша жөнелтушінің банкін, бенефициардың банкін сәйкестендіру төлем құжатында көрсетілген банктік сәйкестендіру коды бойынша жүргізіледі.

Банк атауының оның төлем құжатында көрсетілген банктік сәйкестендіру кодына нақты сәйкес келуін банк анықтамайды.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2018 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

72. Инкассолық өкімді қоспағанда, қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем құжатын, төлем талабын орындау және төлем құжаты белгісіз мерзімде орындалған жағдайда, ақша жөнелтушінің банкі жөнелтуші оған бастама жасаған күні орындайды.

Инкассолық өкімді белгісіз мерзімдерде орындауды, сондай-ақ Салық кодексінің 24 және 122-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инкассолық өкімдер олар ұсынылған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірмей орындалады.

Қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін ұсынылған төлем талабы ол ұсынылған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірмей орындалады.

Ақша жөнелтушінің банк шотында ақша жеткіліксіз болған кезде мемлекеттік кірістер органдарының салық берешегін өндіру алу туралы және сот

орындаушыларының атқарушылық құжаттар бойынша инкассолық өкімін, сондай-ақ қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін ұсынылған төлем талабын орындау ақша түсуіне қарай, ақша осындай шотқа келіп түскен күннен кейін бір операциялық күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Халықаралық қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңға сәйкес көзделген талаптарды сақтай отырып, нұсқауды алған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірмей орындалады.

Төлем құжатында оны орындаудың өзге мерзімі болған кезде, төлем құжаты сол мерзімде орындалуға тиіс.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Бенефициардың банкі төлем құжатында көрсетілген валюталау күні төлемді жүргізеді.

74. Бенефициардың банкі бенефициарды ақшаны қабылдау туралы оны алған күнінен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей олардың арасындағы шартта айқындалған тәртіппен хабарлайды.

Бенефициардың банкі ақшаны бенефициардың пайдасына төлем құжатында көрсетілген сомада қабылдайды.

75. Банк жөнелтушінің төлем құжатын орындауды ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығару не бенефициардың пайдасына енгізілген қолма-қол ақшаны аудару арқылы жүзеге асырады.

76. Салық кодексінің 122 және 123-баптарында, Кеден кодексінің 129 және 130-баптарында, Әлеуметтік кодекстің 256-бабында, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 36-бабында, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 58-бабында, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және (немесе) банктік шот шартында көзделген жағдайларда банк ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруды банк орындау үшін қабылдаған төлем құжаты не ақша жөнелтушінің келісімінсіз орындалатын төлем құжаты негізінде жүргізеді.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77. Бір банкте ашылған банктік шоттар арасында ақша аударуды ақша жөнелтушінің банкі бір операциялық күн ішінде жүзеге асырады.

77-1. Ақша жөнелтушінің банкі банктік шот ашпастан халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу кезінде операцияға бірегей нөмір беруді және халықаралық ақша аударымдары жүйесінде қалыптастырылатын төлем құжатында осы нөмірді көрсетуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 77-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77-2. Делдал банк пен бенефициар банк халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе төлем жүйесі қағидаларында көзделген ақша алушы немесе жөнелтуші туралы ақпаратты қамтымайтын төлем құжаттарының анықтау үшін деректерді автоматтандырылған өңдеу рәсімдерін қолдануды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 77-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77-3. Банк ақша жөнелтушінің немесе бенефициардың деректемелері жоқ төлем нұсқауын алу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелдерінің дәрежесін бағалау негізінде банктің іс-қимыл тәртібін айқындайтын ішкі рәсімдердің болуын қамтамасыз етеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген банктің ішкі рәсімдерінде ақша жөнелтуші немесе алушы туралы қажетті ақпараты жоқ төлем құжаттарын орындау, орындаудан бас тарту және тоқтата тұру шарттары мен тәртібі және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау осындай операциялар анықталған кезде одан арғы іс-қимылдар тәртібі қамтылады.

Ескерту. 77-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

78. Банк операция жүргізілген күннен бастап, сондай-ақ клиенттің банктік шоты жабылған соң бес жыл бойы ақша жөнелтуші және (немесе) бенефициар (атауы не тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру коды (бұдан әрі – ЖСК) (ол болған кезде), ЖСН (БСН) туралы ақпаратты, ақша жөнелтуші – жеке тұлғада ЖСК болмаған жағдайда – жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін және пошта мекенжайын (ел, қала, индекс, көше, үйдің және пәтердің нөмірі), сондай-ақ КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес клиентті тиісінше тексеру жөніндегі шараларды жүргізу талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, ақша жөнелтуші жүргізген қолма-қол ақшасыз төлем және (немесе) ақша аударымы туралы мәліметтерді сақтайды.

3-параграф. Банктің төлем құжатын орындаудан бас тартуы үшін негіздер

79. Банктің төлем тапсырмасын, төлем талабын, төлем ордерін, ақша аудару үшін берілген өтінішті және төлем хабарламасын орындаудан бас тартуы Салық кодексінің 24-бабында, Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 19-бабының 8-тармағында, КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 46-бабында және Қағидаларда көзделген негіздер бойынша, бас тарту себебін көрсете отырып, нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

Банктің қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін ұсынылған төлем талабын, сондай-ақ инкассолық өкімді аталған төлем құжаттарын орындау үшін көзделген мерзімдерде орындаудан бас тартады.

Инкассолық өкімді қоспағанда, төлем құжатын орындаудан бас тарту туралы хабарламаны жіберу тәртібі банк пен жөнелтуші арасындағы шартта көзделеді. Осындай хабарламаны жіберу күні төлем құжатын орындаудан бас тарту күні болып саналады.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

80. Ақша жөнелтушінің банкі мына:

1) егер төлем құжатында қолдан жасау белгілері болған, оның ішінде, егер төлем құжаты Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56-бабында, Қағидаларда, жөнелтушінің және ақша жөнелтушінің банкі арасында жасалған шартта белгіленген, рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттері тәртібін бұза отырып берілген;

2) егер төлем құжатында мынадай:

Банктер және банк қызметі туралы заңның 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларды;

бенефициарға құқық иеленуші-банк Банктер және банк қызметі туралы заңның 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген операциялардың шеңберінде қызмет көрсетілген жағдайларда ақша жөнелтушінің банк шоттарына бұрын ұсынылған инкассолық өкімдерді орындау жағдайларын қоспағанда, түзетулер, толықтырулар және түзетілген жерлері болған жағдайда төлем құжатын орындаудан бас тартады. Осындай инкассолық өкімдерді орындау бенефициар мен бенефициар банктің деректемелерін растайтын құқық иеленуші-банктің құжаты негізінде бенефициардың банктік деректемелерін (бенефициар банктің ЖСК, атауы және банктік сәйкестендіру коды) түзете отырып жүзеге асырылады;

мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банкте бенефициарға қызмет көрсетілетін немесе мәжбүрлеп тарату процесіндегі банк бенефициар болып табылатын жағдайларда, ақша жөнелтушінің банк шоттарына бұрын ұсынылған инкассолық өкімдер мен төлем талаптарын орындау жағдайларын қоспағанда, түзетулер, толықтырулар және түзеткен жерлері болған жағдайда төлем құжатын орындаудан бас тартады. Осындай инкассолық өкімдер мен төлем талаптарын орындау бенефициар мен бенефициар банктің деректемелерін растай отырып, бенефициардың жаңа банктік шоты ашылған банк құжатының негізінде бенефициардың банктік деректемелерін (бенефициар банктің ЖСК, атауы және банктік сәйкестендіру коды) түзете отырып жүзеге асырылады;

3) Банктер және банк қызметі туралы заңның 60-1, 61-2, 61-11 және 61-12-баптарында көзделген жағдайларда ақша жөнелтуші банктің төлем құжаттарында клиенттің ЖСК түзетуін қоспағанда, Қағидаларда көзделген жағдайларда төлем құжатын клиенттің басқа банктік шоттарынан орындау кезінде ақша жөнелтушінің ЖСК, ЖСН (БСН) төлем құжатында көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген;

4) салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, бірыңғай төлемін аударуға арналған төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің ЖСН (БСН) мемлекеттік кірістер органы ұсынатын деректермен сәйкес келмеген;

4-1) салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, бірыңғай төлемін аударуға арналған төлем құжатында көрсетілген атауына бенефициар ЖСН (БСН) деректемелері сәйкес келмеген;

5) ақша жөнелтуші Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 31, 32, 35, 36, 37, 45 және 46-баптарында, Қағидаларда, сондай-ақ жөнелтуші мен банк арасында жасалған шарттың талаптарында белгіленген төлем құжатын жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаған;

6) Қағидаларға 1, 2, 4, 5, 12, 13, 14 және 15-қосымшаларда белгіленген нысандарға сәйкес келмеген;

7) басқа деректемелер (ЖСК, ЖСН (БСН) банктің клиентін сәйкестендірсе, мемлекеттік кірістер органы ұсынған инкассолық өкімді, сондай-ақ Қағидалардың 150-тармағының талаптарына сәйкес банктің клиентін сәйкестендіру кезіндегі сот орындаушысының инкассолық өкімін қоспағанда, клиенттің атауы төлем құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің атауына сәйкес келмеген;

- 8) төлем белгілеуді кодпен көрсетілуі оның мәтіндік бөлігіне сәйкес келмеген;
- 9) бюджетке төлемдерді төлеу кезінде бюджеттік сыныптау коды цифрмен белгіленбеген;
- 10) төлем құжатында көрсетілген сомалар цифрлармен және жазумен сәйкес келмеген;
- 11) көлік құралына салық төлеу кезінде төлем құжатында көрсетілген көлік құралының сәйкестендіру нөмірі жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган ұсынған деректерге сәйкес келмеген;
- 12) жөнелтуші және жөнелтушінің банк арасында жасалған шарттың талаптарында белгіленген талаптар сақталмаған;
- 13) Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында, Экспорттық-импорттық валюталық бақылау қағидаларында көзделген;
- 14) банктік шоттан ақшаны өндіріп алу туралы талап мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариус депозиті талабымен енгізілген ақшаны есепке алуға арналған, сондай-ақ "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заң) 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ашылған банктік шотқа, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түріндегі тұрғын үй құрылыс жинақ банкілеріндегі банктік шоттардағы ақшаға, инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша, осы инвестициялық портфельді басқарушының клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған, номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыратын осы тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы ақшаны, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру үшін банк шоттарындағы ақшаны, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоттардағы ақшаны есепке алуға арналған банк шотына, әлеуетті жеткізушілердің немесе жеткізушілердің "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотына, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкілеріндегі банктік шотқа, қаржы басқарушысының міндеттемелері бойынша борышкердің

ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотына, өзіне қатысты "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған Қазақстан Республикасы азаматының банктік шотына қойылғанда;

15) Азаматтық кодекстің 742-бабының 2-тармағында көзделген кезектілікке сәйкес бірінші, екінші және үшінші кезектерге жататын талаптар бойынша, сондай-ақ жеке әріптестің кредитор алдындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты және (немесе) концессия шарты бойынша талап ету құқығымен қамтамасыз етілген міндеттемелерін орындау шеңберінде ұсынылған талаптар бойынша ақшаны алып қоюды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттарға талап ұсынылған жағдайда;

16) қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу туралы төлем талабы алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған ағымдағы шотқа ұсынылған жағдайларда;

17) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде ақшаны алып алуды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар болған банктік шотқа талап ұсынылған жағдайда;

18) "Астана" халықаралық қаржы орталығына қатысушы банкі ұсынған төлем құжаты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктері, бейрезидент банктері, бейрезидент банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату, сондай-ақ банктердің "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушы банктерімен корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларының 9-1-тармағына сәйкес келмеген жағдайда, төлем құжатын орындаудан бас тартады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

81. Бенефициар банкі мына:

1) жөнелтуші Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 31, 32, 35, 36, 37, 45 және 46-баптарында, Қағидаларда, сондай-ақ жөнелтуші мен банк арасында жасалған шарттың талаптарында белгіленген төлем құжатын жасау мен ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамаған;

2) рұқсат етілмеген төлем анықталған, сондай-ақ бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны заңсыз алудың негізделген фактілері анықталған және расталған;

3) ЖСК, ЖСН (БСН) бенефициардың деректемелеріне сәйкес келмеген, бенефициар банкінде ЖСК болмаған;

4) есептелетін ақша сомасы көрсетілген талаптармен байланысты болмаған жағдайда, клиент-жеке тұлғаның талабы бойынша мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариус депозиті талабымен енгізілген ақшаны есептеу үшін ашылған, сондай-ақ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңның 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ашылған ағымдағы шотқа ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түріндегі тұрғын үй құрылыс жинақ банктеріндегі банк шотына ақшаны, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған соманы сақтауға арналған ағымдағы шотына ақшаны, инвестициялық портфельді басқарушының орындалмаған міндеттемелері бойынша осы инвестициялық портфельді басқарушы клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банк шотына ақшаны, номиналды ұстаушының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның орындалмаған міндеттемелері бойынша номиналды ұстаушының функциясын жүзеге асыратын осы тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банк шотына ақшаны, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыруға арналған банк шотына ақшаны, әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуіне арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банк шотына ақшаны, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шотына ақшаны, қаржы басқарушысының міндеттемелері бойынша борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы

шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ашылған қаржы басқарушысының ағымдағы шотына ақшаны есептеген;

5) егер есептелетін ақша сомасы алименттерге (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаға) байланысты емес болған және (немесе) төлем белгілеудің кодтық белгісі алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақша) есептеу үшін бөлінген төлем белгілеудің кодтық белгісіне сәйкес келмеген жағдайда, клиент-жеке тұлғаның талап етуі бойынша алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есептеу үшін ашылған ағымдағы шотқа ақшаны есептеген;

6) егер есептелетін ақша сомасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес жасалған ақшалай талапты беруді қаржыландыру шарты, концессия шарты және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты шеңберінде төленетін инвестициялық шығындардың өтемақысын төлеуге байланысты емес болған жағдайда, ақшаны инвестициялық шығындардың өтемақыларын есептеуге арналған ағымдағы шотқа есептеген;

7) Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында, Экспорттық-импорттық валюталық бақылау қағидаларында көзделген;

8) банк шотын ашпастан халықаралық төлемді және (немесе) ақша аударымын сәйкестендіретін бірегей нөмір болмаған жағдайларда, төлем құжатын орындаудан бас тартады.

Бенефициар банкі бенефициардың атауы төлем құжатында көрсетілген атауға сәйкес келмеген жағдайда, ал бенефициардың төлем құжатында көрсетілген басқа деректемелері (ЖСК, ЖСН (БСН) бенефициарды сәйкестендіретін болса, төлем құжатын орындайды.

Мыналарды:

1) ЖСК және БСН деректемелері сақталған кезде ақша жөнелтушінің және (немесе) бенефициардың ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, мемлекеттік орган және (немесе) оның құрылымдық бөлімшесі қайта ұйымдастырылған және атауы өзгерген жағдайды;

2) мемлекеттік кірістер органы бюджеттік сыныптау кодтарын өзгерткен жағдайды қоспағанда, банк төлем құжатының деректемелерін өзгертуіне жол берілмейді.

Қағидалардың 95-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, бенефициар банкінің төлем құжатының деректемелерін өзгертуіне рұқсат етілмейді.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4-параграф. Нұсқауды кері қайтарып алу және орындалуын тоқтата тұру

82. Орындау үшін қабылданған нұсқауды оны орындағанға дейін Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімді ақша жөнелтушінің банкіне жіберу арқылы кері қайтарып алуға жол беріледі.

Нұсқауды орындауды тоқтата тұруға Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкім негізінде оны толық немесе ішінара орындағанға дейін ғана рұқсат етіледі.

Осындай өкімдерді орындау мерзімдері жөнелтуші және банк арасында жасалған шартта белгіленеді. Нұсқауды кері қайтарып алу туралы өкімді осы өкімдерге бастамашы мен ақша жөнелтушінің банкі арасында жасалған шартта белгіленген қорғау әрекеттері тәртібін сақтай отырып электрондық тәсілмен беруге рұқсат етіледі.

83. Төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкім және төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкім электрондық нысанда бастамашы және банк арасында жасалған шарт негізінде электрондық төлем хабарларын беруге арналған форматтарға сәйкес қалыптастырылады және банкке телекоммуникациялар желісінің электрондық арналары бойынша ұсынылады.

84. Төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімде төлем құжатының күні, оның нөмірі, сомасы және банк белгілеген төлем құжатының өзге де деректемелері көрсетіледі. Электрондық тәсілмен берілген төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкім Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56-бабында, Қағидаларда және бастамашы және банк арасында жасалған шартта белгіленген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттері тәртібі сақталған кезде жіберілген деп саналады.

Қағаз тасымалдағыштағы төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімге және төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкімге төлем құжатын жөнелтушінің төлем құжаттарына қол қою құқығы бар уәкілетті адамдарының мөрі (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) және қолы қойылады.

Ескерту. 84-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкім және төлем құжатының орындалуын тоқтата тұру туралы өкім қазақ және (немесе) орыс тілінде немесе өзге тілдерде жасалады.

Қағаз тасымалдағышта ұсынылған төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімде және төлем құжатының орындалуын тоқтата тұру туралы өкімде түзетулер мен

толықтыруларға жол берілмейді. Банк түзетулерді, толықтыруларды және түзеулерді анықтаған жағдайда, мұндай өкімдер қайтару себептері көрсетіле отырып оны алған күннен бастап бір операциялық күннен кешіктірілмей оны жөнелтушіге қайтарылады.

86. Төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкім және төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкім, мемлекеттік кірістер органдары және сот орындаушылары ұсынатын төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімдерді және төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкімдерді қоспағанда, банк белгілеген даналар саны бойынша банк белгіленген операциялық күн ішінде ұсынылады. Егер төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкім және төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкім банктің операциялық күні аяқталған кейін алынса, осындай өкімді банк келесі операциялық күннің басында алды деп саналады.

87. Банк төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімді, төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкімді қабылдаған күннен кейінгі келесі операциялық күн ішінде орындау туралы немесе бас тарту себебін көрсете отырып орындаудан бас тарту туралы хабарлайды.

88. Банк жөнелтушінің орындалмаған не толық көлемде орындалмаған төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімін алған кезде төлем құжатын орындамайды және оны жөнелтушіге алынған өкімді орындау туралы хабарламаны бірмезгілде жібере отырып, осындай өкімді алған күннен кейінгі келесі бір операциялық күннен кешіктірмей қайтарады.

89. Төлем құжатын орындауды тоқтата тұру КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 50-бабында көзделген тәртіпке сәйкес, сондай-ақ Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

90. Банк төлем құжатын орындауды мына құжаттар негізінде:

- 1) жөнелтушінің төлем құжатын орындауды тоқтата тұру туралы өкімі;
- 2) қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік органның күмәнді операцияларды жүргізуді тоқтата тұру туралы шешімі;
- 3) банктік шоттағы ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының шешімі, немесе уәкілетті мемлекеттік органның ақша жөнелтушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі, уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы, мәмілелерді жасауды және мүлікпен байланысты өзге де операцияларды жүргізуді тоқтата тұру шешімі;
- 4) Азаматтық кодекстің 742-бабына сәйкес үшінші тұлғалардың басым нұсқаулары;
- 5) сот актісі негізінде тоқтата тұрады.

91. Қағидалардың 90-тармағында көзделген құжаттар алынған кезде, банк төлем құжатын орындауды тоқтата тұрады. Төлем құжатын орындау төлем құжатын

орындауды тоқтата тұруға не Қағидалардың 90-тармағында көрсетілген құжаттардың орындалуына негіз болған төлем құжатын орындауды қайта бастау немесе құжаттарды кері қайтарып алу туралы нұсқауды алу КЖТҚК туралы заңның 13-бабында көзделген жағдайларда мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

92. Төлем құжаттарын орындау тоқтатыла тұрған жағдайда, банк оларды Қағидаларда белгіленген жағдайлар басталғанға дейін сақтайды.

Бұл ретте банк клиенттің банк шотында орындауы тоқтатыла тұрған төлем құжатының шегінде ақша сомасын қамтамасыз етпейді.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың талаптарын орындау

1-параграф. Төлем тапсырмасын орындау

93. Төлем тапсырмасы ақша жөнелтушінің банкі:

1) ақша жөнелтушінің банкі жөнелтушіге орындау туралы хабарлама немесе төлем тапсырмасына ақы төлеу ретінде қолма-қол ақшаны қабылдау туралы хабарлама жіберген;

2) жөнелтуші нұсқау алған күннен кейінгі келесі бір операциялық күннің ішінде ақша жөнелтушінің банкісінен төлем тапсырмасын орындауға қабылдау туралы немесе орындаудан бас тарту туралы хабарлама алмаған (әдеттегі тәртіп бойынша) талаптарының біреуі болған кезде;

3) ақша жөнелтуші банк пен жөнелтуші арасындағы шартта көзделген өзге де жағдайларда орындауға қабылданды деп саналады.

94. Төлем тапсырмасы бенефициар банктің:

1) бенефициар банк жөнелтушіге төлем тапсырмасын орындауға қабылдау туралы хабарлама жіберген;

2) жөнелтуші бенефициар банк төлем тапсырмасын алған күннен кейінгі келесі бір операциялық күннің ішінде бенефициар банктен төлем тапсырмасын орындауға қабылдау туралы немесе орындаудан бас тартқаны туралы хабарлама алмаған (әдеттегі тәртіп бойынша) деген талаптардың біреуі болған кезде;

3) бенефициар мен бенефициардың банкі арасындағы шартта көзделген өзге де жағдайларда орындауға қабылданды деп саналады.

Ақшаны бенефициардың пайдасына қабылдау кезінде бенефициардың банкі ақшаны қабылдау туралы оған хабарлайды. Бенефициардың банкіне бенефициарға

оның банк шотынан үзінді-көшірмені және орындалған төлем тапсырмасын шарттың талаптарына сәйкес қағаз тасымалдағышта не электрондық түрде ұсыну арқылы хабарлауға рұқсат етіледі.

95. Банк Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 46 және 48-баптарында, Қағидаларда белгіленген мерзімде, Қағидалардың 80-тармағында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ мына:

1) егер ақша жөнелтуші мен банк арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ақша жөнелтуші қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеген;

2) КЖТҚҚ туралы заңда немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерімен жасалған шарттарда көзделген;

3) клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдері және (немесе) өкімдері (клиенттің Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 12-тармағында көзделген банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салықтардың және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның өкімінде көрсетілген салық берешегінің сомасын өтеу жағдайын қоспағанда), мүлікке билік етуге уақытша шектеу қою, клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу туралы ақшамен қамтамасыз етілмеген актілер, сондай-ақ Азаматтық кодекстің 742-бабына сәйкес орындалуы тиіс нұсқаулар болған;

4) төлем тапсырмасында көрсетілген төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмеген жағдайларда, төлем тапсырмасын орындаудан бас тартады.

Ақша жөнелтушінің төлем тапсырмасының орындалуы туралы немесе бенефициардың қызмет көрсетуші банк белгілеген, төлем жасалған күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, төлем тапсырмасында көрсетілген төлем сомасын конвертациялауды жүзеге асыру арқылы төлем сомасын банк шотының валютасында есепке алу туралы растауы болған кезде төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмейтін төлем тапсырмасын орындауға рұқсат етіледі. Растауды ұсыну тәртібі клиент пен банк арасындағы шартта көзделеді. Клиенттің аталған растауы онымен және банк арасындағы шартта көзделген конвертацияны жүзеге асыруға клиенттің келісімі болған жағдайда талап етілмейді, онда конвертацияны жүзеге асырғаны үшін комиссияларды алу мөлшері мен тәртібі де айқындалады.

Төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмейтін төлем тапсырмасын орындау кезінде оған Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларының талаптары қолданылады.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

96. Бенефициардың пайдасына төлем құжатын орындауды бенефициар банктің орындаудан бас тартуға не кешіктіруге банктің бенефициардың оның пайдасын аударылған ақшаны алуы заңсыз болуы туралы негізделген фактілері негіздеме болып табылады.

Бенефициар банк бенефициардың пайдасына аударылатын ақшаны заңсыз алу фактілері растамаған жағдайда ақша аударымын орындаудан дәлелсіз бас тартқаны және (немесе) кешіктіргені үшін бенефициарға олардың арасындағы шартта көзделген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Бенефициар банк рұқсат етілмеген төлемді жүзеге асыру фактісін анықтаған кезде бенефициар банк бенефициардың пайдасына ақшаны есептемейді.

97. Бенефициар банк "Кәсіптік одақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабында рұқсат етілген қаражат көздерінен кәсіптік одақтарды қаржыландыруды қоспағанда, бейрезиденттерден, шет мемлекеттерден, мемлекеттік органдардан, мемлекеттік ұйымдардан, діни бірлестіктерден және қайырымдылық ұйымдарынан шартты ("тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жеткізу бойынша келісімшартты) орындауға байланысты емес операциялар бойынша саяси партиялардың және кәсіптік одақтардың пайдасына ақша, оның ішінде шетел валютасы түскен кезде төлем тапсырмасын орындаудан бас тартады.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

98. Егер бенефициардың банкі болып табылмайтын банк төлем тапсырмасын орындамаса, бұл ретте жөнелтушінің банктегі банк шотында қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру үшін жеткілікті ақша сомасы бар болса және банк орындаудан бас тарту туралы уақытылы хабарламаса банк, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ақша аударымы сомасынан, олардың арасындағы шартта көзделген мөлшерде, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, жөнелтушіге айыппұл (өсімпұл) төлейді.

99. Жөнелтуші банкке төлем тапсырмасын орындауға қабылданған сомаға төлемді жүргізеді және банк жөнелтушінің төлем тапсырмасын орындаған кезден бастап олар арасындағы шартқа сәйкес санкцияланған төлем тапсырмасын орындауға немесе кері қайтарып алуға байланысты шығындарды өтейді.

100. Жөнелтушінің банкі жөнелтушінің банк шотын дебеттеген кезде жөнелтушінің төлемі банкте жүргізіледі.

101. Егер банк жөнелтуші болып табылса, төлем:

1) жөнелтушінің банктің корреспонденттік шотын кредиттеу және оған үзінді-көшірмені жіберу;

2) жөнелтушінің банктегі корреспонденттік шотын дебеттеу;

3) жөнелтушінің және банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоттары арқылы төлемді жүзеге асыру;

4) төлем жүйесі арқылы төлемді жүзеге асыру;

5) жөнелтуші мен банк арасындағы өзара есеп айырысулар туралы екі жақты келісімге сәйкес төлемді жүзеге асыру арқылы жүргізіледі.

102. Валюталау күні талаптарының бірі болып белгіленген төлем тапсырмасы орындалған жағдайда, ақша жөнелтушінің банкі ақша жөнелтушінің банк шотынан ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырады және оларды өзінің ішкі баланстық шотына (транзиттік шотқа) есептейді. Бұл ретте банк осындай операцияларды жекелеген немесе жекелеген жеке шоттарда (қосалқы позицияларда) есебін жүргізеді.

Ақша жөнелтушінің ақша жөнелтуші банктің ішкі баланстық шотына (транзиттік шотқа) ақшаны аударуы төлем құжаттарын орындау үшін белгіленген мерзімде, бірақ Қағидалардың осы тармағында белгіленген мерзімнен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Ақша жөнелтушінің банкі банктің ішкі баланстық (транзиттік) шотынан ақша аударуды төлем құжатында көрсетілген валюталау күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Бенефициардың банкі ақшаны бенефициардың банк шотына валюталау күнімен айқындалған операциялық күн ішінде есептейді.

Егер валюталау күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келсе, онда бенефициардың банкі ақшаны валюталау күні деп айқындалған күннен кейінгі бірінші жұмыс күні бенефициардың банктік шотына есептейді.

103. Егер төлем тапсырмасында өзгеше көзделмесе, ақша жөнелтуші банк төлем тапсырмасын дербес орындауға мүмкіндігі болмаған кезде ақша жөнелтуші банк оны кейіннен орындау үшін делдал банкке жібереді.

104. Делдал банктің төлем тапсырмасын орындауы мүмкін болмаған кезде осындай төлем тапсырмасын алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей олар арасындағы шартта белгіленген тәсілдермен ақша жөнелтушінің банкіне хабарлайды және оған төлем тапсырмасы негізінде ақшаны қайтарады.

105. Егер ақша жөнелтуші банк жөнелтушіден тиісті өкілеттіктер алмаса, онда:

1) жөнелтушінің төлем тапсырмасын орындауға байланысты қызметтері және ұшыраған шығыстары үшін оған тиесілі комиссиялық төлемдер сомасын осы төлем тапсырмасының сомасынан оларды ұстап қалу арқылы өтеп алуға;

2) кейінгі банкке төлем тапсырмасы сомасының есебінен комиссиялық төлемді өтеп алу мүмкіндігін ұсынуға рұқсат етілмейді.

106. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 25-бабының

10-тармағына сәйкес "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы банктер мемлекеттік органдарға, соттарға мәліметтер мен ақпарат берген төлемдерді бюджетке төлеуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша төлем тапсырмасын кері қайтарып алуға және оның орындалуын тоқтата тұруға жол берілмейді.

2-параграф. Төлем хабарламасын орындау

107. Банк төлем хабарламасын орындауға қабылдаған кезде бенефициардың пайдасына ақша аударымын жүзеге асыру міндеттемесін қабылдайды. Бюджетке төлемдерді төлеуге, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды, бірыңғай төлемді төлеуге енгізілген қолма-қол ақшаны банк бенефициарға олар банкке салынған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей аударуға тиіс.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

108. Банк ақша жөнелтушіден төлем хабарламасын қабылдау кезінде қолма-қол ақшаны қабылдау туралы тиісті растаманы ақша жөнелтушіге береді.

109. Банк банк шотын пайдаланбай ақша аударымын жүзеге асыру үшін қабылданған төлем хабарламасы негізінде Қағидаларда белгіленген тәртіппен төлем тапсырмасын ресімдейді.

110. Бенефициар – жеке тұлғаның пайдасына түскен қолма-қол ақшаны бенефициар банк бенефициар жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде береді.

Бенефициар қолма-қол ақшаны алған кезде аты-жөнін, әкесінің атын (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, сондай-ақ алынған ақша сомасын, төлем валютасын көрсете отырып бенефициар банктің тиісті құжатына қол қояды.

111. Бенефициардың банкі төлем хабарламасы бойынша қолма-қол ақшасыз ақша аударымы сомасын алу үшін бенефициар келмеген кезде (оның бенефициардың банкінде банк шоты болмаған жағдайда) егер ақша аударымы жүзеге асырылатын халықаралық ақша аударымы жүйесін пайдалана отырып, өзге мерзімдер (талаптар) белгіленбесе, осы соманы бенефициар банкке түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде банктің тиісті шоттарына есептеледі. Көрсетілген мерзімі аяқталғаннан кейін және аударым сомасын алу үшін бенефициар келмесе бенефициардың банкі қайтару себептерін көрсете отырып аударым сомасын ақша жөнелтушіге қайтарады.

3-параграф. Қолма-қол жасалмайтын төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын банк потын ашпай жүзеге асыру ерекшеліктері

112. Банк ақша жөнелтушіден электрондық терминалдар арқылы қолма-қол ақшаны қабылдауды банктің көрсетілген бенефициардың пайдасына қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға бұйрығын білдіретін ақша жөнелтушінің өкімі негізінде жүзеге асырады.

Банк бенефициардың пайдасына қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын төлем тапсырмасын жасау арқылы ақша жөнелтуші өкімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

113. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын банктердің электрондық терминалдары арқылы жүзеге асыру кезінде ақша жөнелтушіге чек беріледі, ол мынадай міндетті деректемелерді қамтиды:

- 1) құжаттың нөмірі, жазу күні, айы, жылы;
- 2) ақша жөнелтуші банктің және бенефициардың атауы;
- 3) төлем сомасы;
- 4) банктің комиссиялық сыйақы сомасы;
- 5) төлем валютасы;
- 6) төлем белгілеу;
- 7) төлем белгілеу коды.

Чек ақша жөнелтушіге қағаз тасымалдағышта не оны банк пен оның клиенті арасындағы шартқа сәйкес қысқа мәтіндік және (немесе) мультимедиялық хабарлар арқылы не банк пен оның клиенті арасындағы шартта көзделген өзге де тәсілмен клиент көрсеткен электрондық пошта мекенжайына және (немесе) ұялы байланыс құрылғысына жіберу арқылы электрондық түрде беріледі.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

114-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

114. Бюджетке міндетті төлемдерді банктердің электрондық терминалдары арқылы жүзеге асыру кезінде Қағидалардың 113-тармағында көзделген деректерден басқа, мынадай деректерді қамтиды:

1) клиенттің ЖСН немесе БСН;

2) бюджеттік жіктеу кодының цифрлық мәнін көрсете отырып, бюджетке төлемдердің атауы;

3) мемлекеттік кірістер органының коды (цифрлық мәні).

Чек банк белгілеген қосымша деректерді қамтуға тиіс.

115. Ақша жөнелтушіге банк беретін чектің бастапқы құжат мәртебесі бар және бенефициардың пайдасына қолма-қол ақшаны банкке салу жолымен электрондық терминал арқылы қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру фактісін растайды.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116. Электрондық терминалдар арқылы қолма-қол ақша қабылданғаннан кейін және Қағидалардың 113 және (немесе) 114-тармақтарының талаптарына сәйкес жасалынған чек берілгеннен кейін банк қолма-қол ақша қабылданғаннан кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей бенефициардың пайдасына ақша аударымын жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

117-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

117. Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымы (бұдан әрі – төлем ұйымы) төлемдер жүргізу үшін қолма-қол ақшаны электрондық терминалдар арқылы қабылдауды төлем ұйымы және көрсетілетін қызметті беруші арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Төлемді жүзеге асыру кезінде мынадай деректемелерді қамтитын чек беріледі:

- 1) құжаттың нөмірі, оның шығарылған күні, айы, жылы;
- 2) төлем ұйымының атауы (коды);
- 3) төлем сомасы;
- 4) төлем валютасы;
- 5) төлем жүргізу уақыты;
- 6) төлем жүргізуді сәйкестендіруші код.

Чекке қосымша деректемелер қосуға жол берілмейді.

Төлем ұйымы банктермен төлемді қабылдау қызметін көрсету бойынша агенттік шарт болған кезде банктік шотты ашпай бюджетке төлемді қабылдайды. Бюджетке төлемдерді жүзеге асырған кезде чекте Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген деректемелерден басқа банктің атауы мен БСК, клиенттің ЖСН немесе БСН, бюджеттік сыныптау кодының цифрлық мәнін және салық органының кодын (цифрлық мәнін) көрсете отырып, бюджетке жасалатын төлемдердің атауы болады.

Шарттарда ақшаны төлем ұйымның банктік шотынан көрсетілетін қызмет берушінің банктік шотына есепке алу тәртібі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ төлем ұйымның төлем қызметін көрсеткені үшін сыйақысының тәртібі мен төлем қызметін көрсетуге тарту талаптары көзделеді.

118. Төлем агенті немесе қосалқы төлем агенті электрондық терминалдар арқылы қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша төлем қызметін көрсеткен кезде төлемді жүзеге асыру үшін чек беріледі, онда Қағидалардың 113-114-тармақтарында көрсетілген деректермен қоса төлем агентінің (қосалқы агенттің) аты да болады.

4-параграф. Банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы төлемді орындау

119. Банктік шотты тікелей дебеттеу ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны төлем талабын пайдалана отырып есептен шығаруға берілген алдын ала келісімі не бенефициар ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны алу және оларды бенефициардың пайдасына беру үшін ұсынатын төлем ордері негізінде жүзеге асырылады.

120. Банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға негіздемелер:

1) ақша жөнелтуші мен оған қызмет көрсететін банк арасында жасалған шарт болады, оған сәйкес ақша жөнелтуші бенефициардың төлем талаптары негізінде бенефициарға оның банктік шотынан өзінің келісімінсіз ақшаны алу құқығын береді. Банктік шотты тікелей дебеттеу талаптарын ақша жөнелтуші мен оған қызмет көрсететін банк арасында жасалған және банктің талаптарын ақша жөнелтушіге қою үшін негіз болып табылатын банктік қарыз шартында немесе өзге де шартта көрсетуге рұқсат беріледі;

2) ақша жөнелтушінің бенефициардың төлем талабы негізінде оның банктік шотынан ақшаны алуға келісімі бар қарыз шарты болады.

121. Ақша жөнелтуші мен оған қызмет көрсететін банк арасындағы шартта:

1) бенефициардың атауы, БСН (ЖСН) (бенефициарлар тізілімі);

2) ақша жөнелтушінің бенефициар (бенефициарлар) алдындағы ақшалай міндеттемесін растайтын құжаттардың атауы мен деректемелері көрсетіледі, олардың негізінде төлем талабы ұсынылады.

122. Бенефициардың ақша жөнелтушінің банктік шотынан оның келісімінсіз ақшаны алуға құқығын білдіретін құжаттардың көшірмелерін бенефициар ақша жөнелтушінің банкіне егер олар арасындағы жасалған шартта өзгеше көзделмесе, бенефициардың ақша жөнелтушінің банкіне төлем талабын ұсынған күннің алдындағы операциялық күннен кешіктірмей жібереді.

123. Бенефициардың банкі төлем талабын егер бенефициармен және бенефициардың банкі арасында жасалған шартта өзгеше көзделмесе, бенефициар ұсынған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей ақша жөнелтушінің банкіне жібереді.

124. Ақша жөнелтушінің банкі төлем талаптарының деректемелерін Қағидаларға сәйкес бенефициардың төлем талабын ұсынғанын растайтын құжаттардағы деректемелерге сәйкес келуін және ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны

есептен шығаруға келісімі болуына тексереді. Сәйкес келмеушіліктер анықталған кезде ақша жөнелтушінің банкі төлем құжатын ұсынған күннен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей бас тарту себебін көрсете отырып, бенефициардың төлем талабын орындаудан бас тартады.

Егер жеке тұлға жеке кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, жеке тұлғаға немесе дара кәсіпкерге ашылған банктік шотқа ұсынылған төлем талабы ақша жөнелтушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), ЖСН сәйкес келген кезде осы жеке тұлғаға және (немесе) дара кәсіпкерге ашылған кез келген банктік шоттан орындалады.

125. Ақша жөнелтушінің банкі ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша сомасы болған кезде банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы қолма-қол ақшасыз төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырады.

126. Ақша жөнелтушінің банктік шотында төлем ордерін немесе төлем талабын орындау үшін қажетті ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде, егер ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасында жасалған шартта төлем ордерін немесе төлем талабын сақтау туралы талап болса, ақша жөнелтушінің банкі төлем ордерін немесе төлем талабын есепке алуды жүзеге асырады және оны алған күннен бастап бір жыл ішінде сақтайды.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

127. Ақша жөнелтушінің банктік шотында қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу мақсатында төлем талабын орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде, банк алынған төлем талабын Қағидалардың 153-тармағында көзделген тәртіппен картотекада сақтайды.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

128. Қарыз шарты бойынша картотекаға орналастырылған төлем талабы ақша жөнелтушінің банктік шотына ақша келіп түсуіне қарай орындалады.

Ақша жөнелтушінің банкі төлем талабын ақша жөнелтушінің банкіне ақша келіп түсуіне қарай орындауды банк жүйесінде төлем сомасына төлем талабын қалыптастыру жолымен, оның "төлем белгілеу" бағанында картотекаға орналастырылған төлем талабының деректемелерін көрсетіп жүзеге асырады.

129. Клиенттің банктік шотында тұрған ақшаға тыйым салу құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың орындалмаған шешімдері, сондай-ақ банк шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығы бар уәкілетті

мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шешімдері болған кезде, төлем талабы Азаматтық кодекстің 742-бабының, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 50-бабының талаптарына және Қағидаларға сәйкес орындалады.

130. Банк бірнеше төлем талаптарын алған кезде олар банкке келіп түсуі тәртібінде күнтізбелік кезектілікпен орындалады және (немесе) картотекаға орналастырылады.

Тізілімі бар бірнеше төлем талаптары ұсынылған жағдайда, олар тізілімде көрсетілген реттік нөмірлеріне сәйкес орындалады және (немесе) картотекаға орналастырылады.

131. Төлем талабы ұсынылған ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде, егер бұл ақша жөнелтуші мен ақша жөнелтушінің банкі арасында жасалған шарттың талаптарында немесе қарыз шартында көзделген болса, төлем талабы ақша жөнелтушінің басқа банктік шотындағы ақша есебінен орындалады.

Төлем талабын орындау ұсынылған төлем талабының валютасында ашылған бірінші кезектегі тәртіпте жүргізіледі.

Банктік шоттың валютасынан өзге валютадағы төлем талабын орындау банк төлем жасау күнінде белгілеген валютаны айырбастау бағамы бойынша жүргізіледі.

132. Банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтама банктің уәкілетті адамдары қол қойған, банктің сұратуы негізінде, шоттың (шоттардың) иесі қарыз алушысы, кепілгері, кепілдеме берушісі, лизинг алушысы немесе кепіл берушісі болып табылатын банкке қарыз алынғанын растайтын мына құжаттарды:

1) егер шоттың иесі қарыз алушы болып табылса – банктің "Көшірмесі дұрыс" деген белгісі бар ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны алуға оның келісімі бар қарыз шартының көшірмесін қоса бере отырып, беріледі. Егер шоттың иесі қарыз алушы болып табылмаса және кепілгер, кепілдеме беруші, лизинг алушы, кепіл беруші болса – банктің "Көшірмесі дұрыс" деген белгісі бар ақша жөнелтушінің банктік шотынан ақшаны алуға келісімі бар банктік қарыз, кепілдеме, лизинг алу, кепіл беру шартының көшірмесін;

2) төлем құжатының немесе клиенттің банктік шоты бойынша үзінді-көшірменің немесе кредиттің берілгенін растайтын өзге құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, беріледі.

"Көшірмесі дұрыс" деген жазу тырнақшасыз көрсетіледі, құжаттардың көшірмелерін растау бойынша тиісті өкілеттіктер берілген банктің уәкілетті адамының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), растау күні көрсетіле отырып, оның қолымен расталады.

Ескерту. 132-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

133. Банк клиенттің банктік шоттарының бар екендігі және нөмірлері туралы анықтамаларды немесе олардың жоқтығы туралы мәліметтерді Қағидалардың 132-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Клиенттің банктік шоттарының бар екендігі және нөмірлері туралы анықтамалар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 тіркелген, "Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы және қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысымен бекітілген Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы және қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес ұсынылады.

134. Егер клиентке банк шоты мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны), Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындар өтемақыларын, нотариус депозиті талабымен немесе "эскроу" режимінде банк шотына енгізілген ақшаны, сондай-ақ Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы заңның 7-бабына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түрінде тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінде банк шотына ақшаны, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банк шотына ақшаны, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақ түріндегі ақшаны есепке алу үшін, жеке сот орындаушысына өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған соманы сақтау үшін, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторға әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуі үшін, қаржы басқарушысына борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ашылса, бұл жөніндегі мәліметтер клиенттің банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтамаларда да көрсетіледі.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

135. Банктердің қарыз алынғанын растайтын сұратулар мен құжаттарды Қағидаларда, сондай-ақ банктер арасындағы шартта белгіленген қорғаныш іс-әрекеттердің тәртібін сақтай отырып, электрондық нысанда жіберуге рұқсат етіледі. Электрондық нысандағы сұратулар банктің уәкілетті адамдарының электрондық цифрлық қолтаңбасын немесе банктер арасындағы шартта көзделген өзге де қорғаныш құралдарын пайдалану арқылы жіберіледі.

136. Құжаттардың электрондық көшірмелеріне қарыз алынғанын растайтын құжаттардың сканирленген нұсқалары жатады.

5-параграф. Қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті жеке тұлғаның не егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотынан өндіріп алу үшін төлем талабын орындау ерекшеліктері

Ескерту. 5-параграф жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

137. Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотына қарыз шарты бойынша ұсынылған төлем талабын бастапқы орындау ағымдағы шотта республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен (бұдан әрі – ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшері) кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, ағымдағы шоттағы соманың елу пайызы шегінде жүргізіледі.

Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотында ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен кем сома болса, төлем талабын орындау жүргізілмейді.

Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотындағы ақша сомасының елу пайызынан аспайтын мөлшердегі сомаға ағымдағы шотта ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерін қамтамасыз етуді ескере отырып төлем талабы ұсынылған кезде, бұл төлем талабы онда көрсетілген сомада орындалады.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (24.09.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

137-1. Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы

шотынан төлем талабын орындау кезінде ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен кем емес соманы банк айына бір рет қамтамасыз етеді егер оны және жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкер пайдаланбаса, жаңа күнтізбелік айға өтеді.

Ескерту. 5-параграф 137-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (24.09.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

138. Ішінара орындалған төлем талабын кейіннен орындау ағымдағы шотта ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотына әрбір келіп түскен ақша сомасының елу пайызы шегінде ағымдағы шотқа ақшаның келіп түсуіне қарай жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарды ескере отырып ағымдағы шотқа келіп түсетін ақша сомасынан елу пайыз мөлшеріндегі сома ішінара орындалған төлем тапсырмасы бойынша қалдық сомасынан асып кеткен жағдайда, жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкер - ақша жөнелтушінің ағымдағы шотынан ақшаны есептен шығару осы төлем талабын орындау үшін жеткілікті сома шегінде жүргізіледі.

Ескерту. 138-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (24.09.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

138-1. Егер жеке тұлға жеке кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің басқа ағымдағы шотындағы (басқа ағымдағы шотқа түсетін) ақша есебінен ішінара орындалған төлем талабын ағымдағы шотта немесе жиынтығында ағымдағы шоттардағы ең төменгі күнкөріс мөлшерінен кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, елу пайыз шегінде орындауға жол беріледі.

Ескерту. 138-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

138-2. Уәкілетті мемлекеттік органның немесе клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу құқығы бар тұлғаның шешімі, сондай-ақ банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығы бар уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның шешімі болған кезде төлем талабы ағымдағы шоттағы ақша сомасының елу пайызы шегінде орындалады. Бұл ретте ең төменгі күнкөріс деңгейінен кем емес сома - ақшаға билік етуге шектеу қойылған ақша сомасынан асатын ақша сомасы есебінен қамтамасыз етіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдер кері қайтарылып алынған жағдайда, ағымдағы шотта ең төменгі күнкөріс мөлшерінен кем емес ақша сомасын қамтамасыз етуді ескере отырып, бұрын ақшаға билік етуге шектеу қойылған ақша сомасының елу пайызы шегінде төлем талабын орындауға жол беріледі.

Ескерту. 138-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

139. Егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің ағымдағы шотына бірнеше төлем талабы ұсынылған кезде олар банкке келіп түсу тәртібіне қарай күнтізбелік кезектілікпен не олардың тізілімде көрсетілген реттік нөмірлеріне сәйкес орындалады.

Кезекті төлем талабын орындау алдыңғы төлем талабы толық орындалғаннан кейін не Қағидаларда айқындалған тәртіппен алдыңғы төлем талабы кері қайтарылған немесе қайтарылған соң ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте кезекті төлем талабын орындау алдыңғы төлем талабын орындау сәтінде ағымдағы шотта болған ақша сомасының (алдыңғы төлем талабын орындағаннан кейінгі ақша қалдығының) және ағымдағы шотта ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен кем емес соманы қамтамасыз етуді ескере отырып, кейіннен ағымдағы шотқа келіп түсетін ақшаның әрбір сомасының елу пайызы шегінде жүргізіледі.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда – ҚР ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

139-1. Төлем талабы ұсынылған қарыз шарты бойынша жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің міндеттемелерінің тоқтатылуына не тоқтатыла тұруына байланысты төлем талабын қайтарып алу жағдайларын қоспағанда, осы жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотына ұсынылған ішінара орындалған және картотекаға орналастырылған төлем талабын қайтарып алуға рұқсат етілмейді.

Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің әртүрлі банктерде ашылған бірнеше банктік шоттарына бір мезгілде қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабы ұсынылған жағдайда, басқа банктік шоттарына ұсынылған төлем талаптарын мұндай төлем талабын орындаған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей бенефициар қайтарып алады. Бұл ретте, бенефициар осы төлем талаптарын қайтарып алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей жеке тұлғаға немесе егер жеке тұлға қызметін өзіндік кәсіпкерлік

түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкерге қарыз бойынша мерзімі өткен берешектің сомасынан асып түсетін ақша сомасын қайтарады.

Ескерту. 139-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

139-2. Жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотындағы ақша сомасын қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу үшін пайдалануға өкімі немесе өтініші болған кезде осы төлем талабында тиісті белгі жасала отырып, клиенттің банк шотындағы, оның ішінде жеке тұлғаның немесе егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, дара кәсіпкердің ағымдағы шотында төлем талабын ішінара орындаудан кейін қалған бүкіл ақша сомасы есебінен қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін төлем талабын орындауға рұқсат етіледі.

6-параграф. Төлем ордерін орындау

140. Банк клиент пен оған қызмет көрсететін банк арасындағы шартта көзделген талаптарға сәйкес төлем ордері бойынша төлемді жүзеге асырады.

Банк клиенттің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруды клиент пен оған қызмет көрсететін банк арасында жасалған шартта оның банктік шотынан ақшаны осындай есептен шығаруға келісімі болған кезде, банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы төлем ордері негізінде жүргізеді.

140-1. Егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген болса, төлем ордерін төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында, жеке тұлғаның немесе дара кәсіпкердің оның ағымдағы ақша сомасын қарыз шарты бойынша берешекті өтеу үшін пайдалануға өкімі болған кезде клиенттің банк шотындағы ақша есебінен қарыз шарты бойынша берешекті есептен шығару үшін қолдануға рұқсат етіледі. Төлем ордерін сондай-ақ осы шот бойынша төлем талабы орындалғаннан кейін қалған сомаға қолдану жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-параграф 140-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

141. Банк ақша жөнелтушімен және оған қызмет көрсететін банк арасындағы шартта көзделген жағдайларда, клиенттің бір банктік шотынан осы банктегі оның басқа банктік шотына ақшаны төлем ордері негізінде не Қағидалардың 7-тармағында көзделген деректемелер болған кезде банк белгілеген нысанда аударуына рұқсат етіледі

7-параграф. Инкассолық өкімді орындау

142. Ақша жөнелтушінің банкі инкассолық өкімде көрсетілген деректемелердің инкассолық өкімді ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес толтырудың толықтығы мен дұрыстығын тексереді және олар сәйкес келген кезде Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және Қағидаларда белгіленген мерзімдерде ақша жөнелтушінің банктік шотын дебеттеу жолымен мемлекеттік кірістер органдарының, сот орындаушысының инкассолық өкімін орындайды.

Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

143. Ақша жөнелтушінің банкі Азаматтық кодекстің 741-бабында көзделген жағдайларда инкассолық өкімді орындаудан бас тартады.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

144. Бастамашы банктің міндеттемелері бойынша инкассолық өкімдерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне не Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 10-тармағына, Қағидаларға сәйкес корреспондент-банкке, ал клиенттердің міндеттемелері бойынша ақша жөнелтушіге қызмет көрсететін банкке ұсынады.

Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

145. Инкассолық өкімнің орындалуын тоқтата тұру немесе тоқтату:

- 1) мемлекеттік органның, лауазымды адамның немесе инкассолық өкімді ұсынған не атқарушылық іс жүргізу берілген уәкілетті сот орындаушысының шешімі бойынша;
- 2) сот актісі негізінде;
- 3) банк қайта құрылымдалған, консервацияланған, сондай-ақ борышкер және (немесе) банк қайта ұйымдастырылған және таратылған жағдайларда жүргізіледі.

Банктер көрсетілген шешімдерді, анықтамаларды, өкімдерді (өтініштерді) Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 241-бабының, Салық кодексінің 122-бабының, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 58, 59 және 62-баптарының талаптарына сәйкес келген кезде орындауға қабылдайды.

Банк осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар негізінде орындалуы тоқтата тұрылған немесе тоқтатылған инкассолық өкімге сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда, осы құжаттарды орындамай қайтарады.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен нұсқауларды орындауды тоқтату тұруға (ақшаны алуды тоқтата тұруға) уәкілетті адамдардың шешімін алған жағдайда, банк нұсқауды шешімде көрсетілген мерзімде не уәкілетті адам осы шешімнің күшін жойғанға дейін сақтауы тиіс.

Банк орындалуы тоқтатыла тұрған нұсқауларды сақтайды және осы тармақта көзделген құжаттарды алған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей баланстан тыс есепке қабылдайды. Нұсқауды баланстан тыс есепке қойған кезде банк келесі операциялық күннен кешіктірмей нұсқауды жөнелтушіге (бастамашыға) тиісті хабарлама жібереді.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ақша алуды тоқтата тұруға (нұсқауды орындауға тыйым салуға) уәкілетті адамның шешімін алған кезде нұсқауды шешім қабылдаған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей тиісті шешімді қоса бере отырып жөнелтушіге не атқарушылық іс жүргізу берілген сот орындаушысына қайтарады.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

146. Мемлекеттік кіріс органның салық берешегін толық төлемеушінің шотына олардың өз дебиторларына қоятын талаптары бойынша түсуге тиісті ақша есебінен өндіріп алуға арналған инкассолық өкімдері толық төлемеушінің дебиторына қызмет көрсетілетін банкке төрт данада жіберіледі.

147. Мемлекеттік кіріс органының инкассолық өкімі толық төлемеушілердің дебиторларына ұсынылған шағым-талаптарының бөлек журналында тіркеледі.

Бұл журналда инкассолық өкімнің түскен күні, қай мемлекеттік кіріс органы инкассолық өкімді бергені, оның нөмірі, күні және сомасы, толық төлемеуші дебиторының атауы көрсетіледі.

148. Инкассолық өкімге толық ақы төлегеннен кейін толық төлемеушінің дебиторы инкассолық өкімнің екінші данасына күні мен уақытын көрсете отырып орындалғандығы туралы белгі қояды.

Инкассолық өкімнің көшірмелері ақы төленгеннен кейін төмендегідей түрде:

- 1) бірінші данасы күн құжаттарына орналастырылады;
- 2) екінші данасы толық төлемеушінің дебиторына оның банктік шотынан үзінді көшірмемен бірге жіберіледі;
- 3) үшінші және төртінші даналары мемлекеттік кіріс органдарына жіберіледі.

149. Ақша жөнелтушінің банкінде инкассолық өкімді орындау үшін қажетті ақша сомасы жоқ не жеткіліксіз болған кезде, ақша жөнелтушінің банкі олар бойынша есепке алу жүргізеді және оларды келесі қолма-қол ақшасыз төлем және (немесе) ақша аударымы үшін оның корреспонденттік шотына ақша сомасы түскенге дейін сақтайды.

150. Жеке тұлғаға немесе егер жеке тұлға қызметін жеке кәсіпкер түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген дара кәсіпкерге ашылған банктік шотқа ұсынылған сот орындаушыларының инкассолық өкімі осы жеке тұлғаға және (немесе) дара кәсіпкерге кез келген банктік шоттан ақша жөнелтушінің ЖСН сәйкес келген кезде орындалады.

Ескерту. 150-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

151. Қағидалардың 150-тармағының талаптарын ескере отырып, сот орындаушыларының инкассолық өкімі, егер қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын, дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға ақша жөнелтуші, банк шотының иесі, борышкер болып табылса, орындау құжатында көрсетілген ақша жөнелтушінің, банк шоты иесінің және борышкердің атаулары сәйкес келмеген жағдайда, ақша жөнелтушінің ЖСН сәйкес келсе, орындалады.

Ескерту. 151-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-параграф. Картотекадағы төлем құжаттарын орындау

152. Банк ақша жөнелтушіде төлем құжаттарын орындау үшін қажетті ақша сомасы жоқ не жеткіліксіз болған кезде оларды Қағидаларда белгіленген тәртіппен картотекаға орналастырады.

153. Ақша жөнелтушінің банк шотында инкассолық өкімді орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде банк, егер Банктер және банк қызметі туралы заңда, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, Атқарушылық іс жүргізу туралы заңда және Қағидаларда өзгеше көзделмесе, қабылдайды және ақша жөнелтушінің банк шотына ақша сомасы түскенге дейін картотекада сақтайды.

Ақша жөнелтушінің банк шотында қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алуға арналған төлем талабын орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде, банк алынған төлем талабын картотекада бір жыл бойы сақтайды.

Картотекаға орналастырылған және оларды банк қабылдаған күннен бастап бір жыл бойы орындалмаған қарыз бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу үшін арналған төлем талаптарын банк орындамай бастамашыға қайтарады.

Ескерту. 153-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

154. Егер банк ақша жөнелтуші мен банк арасында жасалған банктік шот шартында көзделсе, басқа да төлем құжаттарын қабылдайды (төлем тапсырмасы, төлем ордері, аударуға өтініш) және оларды алған күннен бастап бір жыл ішінде сақтайды.

155. Банк төлем құжаттарын картотекаға орналастырған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей, банк бірмезгілде бенефициар банкі болып табылатын жағдайды қоспағанда, бенефициар банкіне не бенефициарға осы төлем құжаттарын картотекаға орналастырғаны туралы хабарлама жібереді. Төлем

құжаттарын картотекаға орналастырған кезде банк орналастыру уақыты мен күнін тіркейді.

Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

156. Төлем құжаттарын картотекаға орналастырған кезде банк Қағидаларда белгіленген тәртіппен клиенттің банк шоты бойынша шығыс операцияларын картотекадағы төлем құжаттары бойынша міндеттемелерді толық өтегенге не оларды кері қайтарып алғанға немесе қайтарғанға дейін тоқтата тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талап жеке тұлғаның ағымдағы шотына үшінші тұлғалардың өзге де шектеулері мен талаптары (инкассолық өкім, тыйым салу, ақшаға (мүлікке) иелік етуге уақытша шектеу қою, шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім) болмаған жағдайда, ағымдағы шоттағы төлем талабы орындалғаннан кейін қалған ақша қалдығына қолданылмайды.

Бұл ретте банктің төлем құжаттарын орындауы Азаматтық кодекстің 742-бабында көзделген кезектілік тәртібімен жүргізіледі.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

157. Ақша жөнелтушіде салық берешегін өндіріп алуға мемлекеттік кірістер органының және сот орындаушыларының инкассолық өкімдерін орындау үшін қажетті ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде, банк ақша жөнелтушінің пайдасына банктің ақшаны қабылдауына қарай инкассолық өкімнің ішінара орындалуын жүргізеді.

Банк мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің бір банктік шотынан салық берешегін өндіріп алу туралы инкассолық өкімін орындаған кезде, банк мемлекеттік кірістер органының салық төлеушінің көрсетілген банкте ашылған оның басқа банктік шоттарына ұсынылған инкассолық өкімдерін, егер мұндай инкассолық өкімдерді мемлекеттік кірістер органы сол сомаға, берешектің сол түрі бойынша, сол есепті кезең үшін ұсынған болса, мемлекеттік кірістер органының инкассолық өкімін орындау фактісін растайтын төлем құжатын қоса бере отырып, мемлекеттік кірістер органына орындамай қайтарады.

Банк мемлекеттік кірістер органының салық берешегін немесе кедендік төлемдерді өндіріп алу туралы инкассолық өкімін салық төлеушісінің (салық агентінің), кедендік төлемдерді төлеушінің бірнеше банктік шоттарынан ақшаны мемлекеттік кірістер органы ұсынған инкассолық өкімде көрсетілген жалпы сомаға есептен шығару арқылы толық орындаған кезде, банк төлеушінің, салық төлеушісінің (салық агентінің) көрсетілген банкте ашылған басқа банктік шоттарына инкассолық өкімдерді, егер

мұндай инкассолық өкімдер сол күнмен, сол сомаға, берешектің сол түрі бойынша берілген болса, оларды қайтару себебін көрсете отырып, орындамай мемлекеттік кірістер органына қайтарады.

158. Мемлекеттік кірістер органының салық берешегін өндіріп алуға және сот орындаушыларының инкассолық өкімдерін ішінара орындаған кезде қағаз тасымалдағышта оның алдыңғы бетіне "Ішінара ақы төлеу" мөртабаны қойылады. Инкассолық өкімінің барлық даналарында ішінара төлемнің күні және сомасы және банктің уәкілетті адамдарының қойылған қолымен расталатын осы инкассолық өкімнің қалдық сомасы туралы жазба жазылады.

Банк өз жүйесінде ішінара ақы төлеу сомасына инкассолық өкімді қалыптастыру арқылы инкассолық өкімді орындайды. Ішінара ақы төлеу сомасына инкассолық өкімнің "төлем белгілеу" бағанында банк инкассолық өкімнің деректемелерін көрсетеді.

Мемлекеттік кірістер органының салық берешегін өндіріп алуға ішінара ақы төлеу сомасына инкассолық өкімде "операция түрі" бағанында Қағидалардың 60-тармағында белгіленген код көрсетіледі.

159. Инкассолық өкімдер ішінара төленген кезде, банк ақша жөнелтушінің банктің операциялық күні ішінде банктік шотқа түскен ақша сомасында төлем жүргізеді. Ішінара орындалған инкассолық өкім толық ақы төленгенге дейін картотекада тұрады.

160. Банкке ішінара орындалған салық берешегін өндіріп алуға инкассолық өкімді қайтарып алу туралы мемлекеттік кірістер органының өкімі келіп түскен кезде, банк ішінара орындалған инкассолық өкімді қайтарады.

161. Банктің Қағидалардың 154-тармағында көзделген төлем құжаттарын сақтауы Салық кодексінің 24-бабына, Әлеуметтік кодекстің 246 және 248-баптарына сәйкес жүргізілетін азаматтық-құқықтық мәміле бойынша ақы төлеу талаптарына сәйкес төлем бойынша міндеттемелерді орындау болып табылмайды.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9-параграф . Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімін орындау

162. Қашықтан кіру жүйесі арқылы жіберілетін төлем тапсырмаларын қоспағанда, тұрақты түрде қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін ақша жөнелтуші оған қызмет көрсететін банкке ақша жөнелтушінің тұрақты өкімін Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

163. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінде мынадай міндетті деректемелер болады:

1) бенефициардың және бенефициар банкінің деректемелері (атауы, ЖСК, БСК, ЖСН (БСН));

2) төлем сомасы немесе оны айқындайтын талаптар;

3) төлемді жүзеге асыру күні және олардың кезеңділігі немесе оларды айқындайтын талаптар.

164. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінде төлемін ақша жөнелтуші ақша жөнелтушінің банкіне тапсыратын тауардың жеткізілгенін, жұмыстың орындалғанын немесе қызметтің көрсетілгенін растайтын бенефициар құжаттарының (бұдан әрі – растаушы құжаттар) атауының көрсетілуіне рұқсат беріледі.

Бенефициардың ақша жөнелтушінің банкіне не бенефициар банкіне растаушы құжаттарды ұсыну тәртібі мен мерзімдері ақша жөнелтуші мен бенефициар арасындағы шартта белгіленеді.

165. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімін кері қайтарып алу үшін ақша жөнелтуші банкке банк айқындаған тәртіппен ресімделген тиісті хабарламаны жібереді.

166. Ақша жөнелтушінің банкі ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінің талаптарына сәйкес немесе ақша жөнелтушінің банкі растау құжаттарын алған кезде ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінде көрсетілген бенефициардың пайдасына төлем тапсырмасын немесе төлем ордерін (егер бенефициар осы банктің клиенті болса) жасайды.

167. Ақша жөнелтушінің банкі жасаған төлем тапсырмасында, төлем ордерінде ақша жөнелтуші ретінде ақша жөнелтушінің деректемелері көрсетіледі. Төлем тапсырмасындағы (төлем ордеріндегі) "Төлем белгілеу" бағанында төлем белгілеуден басқа, оған сәйкес бенефициардың пайдасына ақша аударымы жүзеге асырылатын ақша жөнелтушінің тұрақты өкімінің деректемелері көрсетіледі.

168. Ақша жөнелтушінің банктік шотында кезекті қолма-қол ақшасыз төлем және (немесе) ақша аударымы үшін ақша жеткіліксіз болған не ақша болмаған жағдайда, банк ақша жөнелтушіге олар арасындағы шартта белгіленген тәсілдермен оның банктік шотындағы ақшаның жеткіліксіздігі не ақшаның болмауы туралы хабарлайды және төлем тапсырмасын, төлем ордерін жасамайды.

169. Егер бенефициар және ақша жөнелтушінің банкі бір тұлға болып табылса, ақша жөнелтушінің банкі, ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болса не ақша болмағанда, егер ақша жөнелтуші мен оның банкі арасында жасалған шартта басқаша көзделмесе, төлем ордерін картотекаға орналастырады.

170. Ақша жөнелтушінің тұрақты өкімі қағаз тасымалдағышта не ақша жөнелтушінің банкі айқындаған тәртіппен электрондық нысанда ресімделеді.

10-параграф. Үшінші тұлғалардың талаптарын (шығыс операцияларына тыйым салу және тоқтата тұру) орындау

171. Ақша жөнелтушінің банктік шотындағы ақшаға клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың немесе сот орындаушыларының тиісті шешімдерінің негізінде тыйым салу, банктік шоттардағы ақшаға (мүлікке) иелік етуге уақытша шектеу қою, сондай-ақ банктік

шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тиісті шешімдері негізінде ақша жөнелтушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Азаматтық кодекстің 740-бабында, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабында, Салық кодексінің 118-бабында, Кеден кодексінің 125-бабында, Банктер және банк қызметі туралы заңның 51-бабында және Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 62, 123-баптарында көзделген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

172. Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың және тұлғалардың шешімі тыйым ақша жөнелтушінің банктік шотындағы (банктік шоттарындағы) ақшамен толық немесе ішінара қамтамасыз етілген жағдайда толығымен немесе ішінара орындалған деп есептеледі.

Тыйым ақша жөнелтушінің банктік шотындағы ақшамен қамтамасыз етілмеген жағдайда банктер клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың және тұлғалардың шешімдерін орындауға қабылдайды.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

173. Банк уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың немесе сот орындаушыларының банктік шотта тұрған ақшаға тыйым салу туралы келіп түсетін шешімдерін, уәкілетті мемлекеттік органдардың банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін клиенттің онда көрсетілген деректемелерінің банк клиентінің деректемелеріне (атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), ЖСН (БСН) және ЖСК) сәйкестігін тексереді.

Көрсетілген деректемелер сәйкес келмеген жағдайда банк операциялық үш күннің ішінде бастамашыларға уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың немесе сот орындаушыларының банктік шотта тұрған ақшаға тыйым салу туралы шешімін, уәкілетті мемлекеттік органдардың банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін орындамастан қайтарады.

Тегін, атын және әкесінің атын (ол бар болса) ЖСК (ол бар болса), ЖСН сәйкестендіру кезінде жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның онда көрсетілген атауы банк клиентінің атауына (жеке тұлғаның тегіне, атына, әкесінің атына (ол бар болса) немесе өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның атауына) сәйкес

келмеген жағдайда уәкілетті органдардың, лауазымды адамдардың немесе сот орындаушыларының шешімдерін және уәкілетті мемлекеттік органдардың осы тармақта көрсетілген шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдерін орындауға жол беріледі.

174. Ақша жөнелтушінің банктік шоты бойынша шығыс операциялары уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімді жойғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабы тоғызыншы бөлігіне және Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабы 12-тармағының екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес жаңартылады.

Ескерту. 174-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

175. Клиенттің банктік шоттарында тұрған ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының шешімі шығарылған ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткілікті болған кезде банк көрсетілген шешімді күнтізбелік кезектілік тәртібімен орындайды.

176. Клиенттің банктік шоттарында тұрған ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының шешімі шығарылған ақша жөнелтушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде банк оларды есепке алады және тыйым салу туралы шешімде көрсетілген қажетті сома жиналғанға дейін шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Клиенттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салуға негіз болған қуынымды қамтамасыз ету туралы айқындамада клиенттің банктік шоттарының (оның ішінде теңгемен және шетел валютасымен) бірнеше нөмірі және бір банктік шоттағы ақшаның жеткіліксіз болуы көрсетілген жағдайда, осы айқындамада банктік шоттарды көрсетудің кезектілігі тәртібімен банктік шоттарда тұрған ақшаға тыйым салынады.

Теңгемен банктік шоттарда ақша жеткіліксіз болған кезде айқындамада көрсетілген шетел валютасымен банктік шоттардағы ақшаның қалған сомасына тыйым салынған күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын ескере отырып тыйым салуға жол беріледі.

177. Банк борышкердің банктік шоттарындағы ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның және тұлғалардың шешімін алғаннан кейін операциялық үш күннен кешіктірмей, тыйым салынған ақша сомасын көрсете отырып, тыйым салу туралы шешімнің толық немесе ішінара орындалғандығы туралы не көрсетілген шешімнің орындауға қабылданғаны, сондай-ақ бұрын орындауға қабылданған уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тыйым салу туралы шешімдері не шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері туралы тиісті органдарды хабардар етеді.

Банк сот орындаушысының банктік шоттардың нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы мүліктің сипаты мен құны туралы мәліметтерді талап ету және оларға тыйым салу туралы қаулысын алған күннен бастап үш операциялық күннен кешіктірмей сот орындаушысын тыйым салынған ақша сомасын көрсете отырып, оның толық не ішінара орындалғаны не қаулының орындауға қабылданғаны туралы хабардар етеді, қаулы аясында талап етілетін ақпаратты Банктер туралы заңның 50-бабында белгіленген тәртіпте жолдайды және уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың қолда бар тыйым салу туралы шешімдері не шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері туралы хабардар етеді.

Ескерту. 177-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 44 (24.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

178. Уәкілетті органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының тиісті шешімдерінің негізінде банктік шоттағы ақшаға тыйым салынған және кейіннен атқарушылық құжаттарды қоса бере отырып инкассолық өкімді берген жағдайда ақша жөнелтушінің банкі тыйым салынған ақшаны пайдалана отырып мынадай талаптар болған кезде:

1) Қағидалардың 151-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының тыйым салу туралы шешімдерінде көрсетілген ақша жөнелтушінің деректемелері (атауы және ЖСН (БСН) соның негізінде инкассолық өкім берілген атқарушылық құжаттарда көрсетілген деректемелермен сәйкес келген кезде;

2) атқарушылық құжат және уәкілетті органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының тыйым салу туралы шешімі бір істің аясында берілген кезде осындай инкассолық өкімді орындайды.

Егер инкассолық өкімнің негізінде ақшаны өндіріп алу толық көлемде жүргізілсе, ол бойынша инкассолық өкім орындалған бір істің аясында бұрын салынған тыйым алынды деп саналады және тыйым салу туралы қаулы бастамашыға қайтарылуға тиіс.

11-параграф. Қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша ақшаны қайтару

179. Банк жөнелтушінің төлем құжатын орындағаннан кейін оның орындалғаны туралы жөнелтушіні олардың арасындағы шартта айқындалған тәртіппен хабардар етеді.

180. Жөнелтуші төлем құжатының дұрыс орындалуын анықтайды және ол қате орындалған жағдайда, банкке қате төлемнің орындалғаны анықталғаннан кейін операциялық үш күн ішінде, бірақ қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы орындалған күннен бастап үш жылдан кешіктірмей

хабарлайды. Қате төлем туралы хабарда жөнелтуші төлем құжатының деректемелерін және олар анықтаған қате деректемелерді көрсетеді. Егер осындай төлем құжатындағы қатені жөнелтуші жасаса, банк қате орындалған төлем құжаты бойынша жауап бермейді.

180-1. Егер бенефициар банкінің корреспонденттік шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуге кедергі келтіретін орындалмаған талаптар немесе ақшаға иелік жасауға шектеулер бар болса, бенефициар банкінің корреспонденттік шотына қызмет көрсететін банк төлемді және (немесе) ақша аударымын алу сәтінде бенефициар банкінің клиенті болып табылмайтын тұлғаның пайдасына түскен ақшаны қайтарады.

Ескерту. 11-параграф 180-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

180-2. Банкті барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырған күннен бастап банктің уақытша әкімшілігі (уақытша әкімшісі) бұрын банктің төлем және (немесе) ақша аударымын есептеу сәтінде банктік шоты жабылған клиенті болып табылатын тұлғаның пайдасына ақша түскен жағдайда жөнелтушіге ақшаны қайтаруды жүзеге асырады.

Ескерту. 11-параграф 180-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

181. Бенефициар банкі өзінің қате төлемді орындау фактісін анықтаған кезде банк бенефициар мұндай фактіні анықтаған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей ақшаны қайтарады.

Банктің корреспонденттік шотына банктің клиенті болып табылмайтын тұлғаның пайдасына есептелген төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша ақшаны қайтаруды, сондай-ақ банкке клиенттердің төлем және (немесе) ақша аударымын есептеу сәтінде жабылған шоттарына ақша түскен жағдайда, банк бенефициар қате төлемдер бойынша ақшаны қайтару үшін көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

Ескерту. 181-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

182. Банк жөнелтушіден төлем құжатының қате орындалғаны жөнінде хабарлама алғаннан кейін операциялық үш күннен кешіктірмей:

1) жөнелтушінің төлем құжатының деректемелеріне сәйкес келмейтін деректемелері бар қате төлем бойынша төлем құжатын тиісті бенефициардың пайдасына жібереді немесе жөнелтушіге төлемнің барлық сомасын қайтарады;

2) қайта жіберілген қате төлем бойынша жөнелтушіге қате алынған соманы қайтарады. Ақша сомасын қайтаруды бенефициар банкі төлем тапсырмасын жасау арқылы жүргізеді, ондағы төлем белгілеуде бенефициар банкі ақшаны қайтару себептерін көрсетеді.

Бенефициар банкі қате соманы ақша жөнелтуші банкі хатының негізінде талап қоюдың ескіру мерзімінің шегінде ақша жөнелтушіге кері қайтарады.

183. Қате төлемге жол берген ақша жөнелтушінің банкі оның пайдасына қате төлем жүзеге асырылған бенефициарға не оның банкіне қате төлем фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қате төлемді кері қайтару қажеттілігі туралы хабарлама жолдайды.

184. Бенефициар банкі жөнелтушінің төлем құжатының қате орындалғаны туралы жөнелтуші банктің хабарламасын алған күннен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей, қате есептелген ақша сомасын кейіннен бенефициарды хабардар ете отырып, бенефициардың банктік шотынан, оның келісімінсіз есептен шығару жолымен қайтаруды жүргізеді.

Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

185. Қате төлем бойынша ақшаны қайтаруды бенефициар банкі бенефициардың банктік шотындағы бар ақшаның есебінен, оның ішінде егер банктік шот бойынша уәкілетті мемлекеттік органның, лауазымды адамның немесе сот орындаушысының банктік шотындағы ақшаға тыйым салу және (немесе) банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) белгісіз мерзімдерде орындалуы тиіс орындалмаған нұсқаулар бар болған жағдайда жүзеге асырады.

186. Бенефициардың банктік шотында ақша жеткіліксіз болған не болмаған жағдайда қате төлем бойынша ақшаны қайтаруды қате төлемге жол берген ақша жөнелтушінің банкі бенефициардың банктік шотында ақшаның жеткіліксіз болуы не болмауы туралы бенефициар банктен хабарлама алғаннан кейін операциялық үш күн ішінде өз ақшасының есебінен жүзеге асырады.

187. Бенефициар банкі ақша сомасын қайтаруды жүзеге асырған кезде ақша жөнелтушінің банкі келесі іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) ақша сомасын ақша жөнелтушінің банкіне аударады;

2) егер ақшаны алғанға дейін банк өз ақшасының есебінен ақша жөнелтушіге кері қайтару жүргізген немесе тиісті бенефициарға аударым жолдаған жағдайда түскен соманы өз пайдасына есептейді.

Ақша жөнелтушінің банкі кері қайтарылған ақша түскен күннен бастап операциялық үш күн ішінде ақша жөнелтушіні мұндай кері қайтару туралы банк белгілеген тәсілдермен хабардар етеді. Егер ақша қайтару ақша жөнелтушінің банкі нұсқаудың жөнелтушіден алынған деректемелеріне сәйкес келмейтін деректемелерді

көрсету себебінен жүргізілсе, онда ақша жөнелтушінің банкі ақша жөнелтушіні төлемді қайтару туралы хабардар етпестен, ақша қайтарылған күннен бастап операциялық үш күн ішінде бенефициар банктің мекенжайына тиісті деректемелермен төлем құжатын жолдайды.

188. Ақша жөнелтушінің банкі төлемді қате орындау фактісін өз бетінше анықтаған жағдайда банк бенефициардың банкіне оны Қағидаларда айқындалған тәртіпте қайтару қажеттілігі туралы хабарлама жолдайды.

12-параграф. Рұқсат етілмеген төлемдер

189. Рұқсат етілген төлем құжаты жөнелтушінің:

1) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56-бабына және Қағидаларға сәйкес төлем құжаттарын ресімдеуге белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген немесе жасалған;

2) алушы банк пен жөнелтуші арасындағы шартта көзделген рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің келісілген тәртібіне сәйкес банктен алынған;

3) төлем жасауға уәкілетті адам куәландырған төлем құжаты болып саналады.

Төлем құжаты, егер банк оны осы тармақта көрсетілген талаптарды бұза отырып орындауға қабылдаса, рұқсат етілмеген болып саналады.

Ескерту. 189-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

190. Рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерінің тәртібі банк пен жөнелтуші арасында келісіледі және олардың арасындағы шартта көзделеді.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

191. Жөнелтуші төлем құжатының дұрыс орындалуын айқындайды және рұқсат етілмеген төлем құжаты орындалған жағдайда банкке ол анықталғаннан кейін операциялық үш күн ішінде, бірақ мұндай төлем жүргізілген сәттен бастап есептелетін талап қоюдың ескіру мерзімінің шегінде ол жөнінде мәлімдейді.

Банк жөнелтушіден рұқсат етілмеген төлем туралы хабарды алғаннан кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей бенефициарға не бенефициар банкке рұқсат етілмеген төлем бойынша ақшаны қайтару туралы хабарлама жолдайды. Хабарламаның нысанын алушы банк өз бетінше айқындайды.

Бенефициар банкі, егер бұл бенефициар мен бенефициар банкі арасында жасалған шартта көзделсе, банктен рұқсат етілмеген төлем туралы хабарлама түскен күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей есептелген ақша сомасын кейіннен бенефициарды хабардар ете отырып, бенефициардың банктік шотынан, оның келісімінсіз есептен шығару арқылы жүргізеді.

Рұқсат етілмеген төлем бойынша ақшаны қайтаруды бенефициар банкі бенефициардың банктік шотындағы бар ақшаның есебінен, оның ішінде егер банктік шот бойынша уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның банктік шотта тұрған ақшаға тыйым салу және (немесе) банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) белгісіз мерзімдерде орындалуы тиіс орындалмаған нұсқаулар бар болған жағдайда жүзеге асырады.

Бенефициардың банктік шотында ақша жеткіліксіз болған не болмаған жағдайда рұқсат етілмеген төлем бойынша ақшаны қайтаруды рұқсат етілмеген төлем жүргізуге жол берген банк бенефициардың банктік шотында ақша жеткіліксіз болуы немесе болмауы туралы бенефициар банктен хабарлама алғаннан кейін операциялық үш күн ішінде өз ақшасының есебінен жүзеге асырады.

Ескерту. 191-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

192. Егер банк рұқсат етілмеген төлем құжаты туралы жөнелтушіден уақтылы хабар алып, рұқсат етілмеген төлемді жүзеге асырған жағдайда, ол жөнелтушіге олардың арасындағы шартта айқындалған тәртіппен осы төлем құжатын орындаумен байланысты нақты шығындарды өтейді.

193. Осы тараудың ережелері төлем құжатын кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдерге қолданылады.

13-параграф. Өтпелі ережелер

194. Жөнелтушінің Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін ұсынылған төлем құжаттарына Қағидалардың 70-тармағында көзделген төлем құжатын орындау кезектілігі қолданылады.

195. Банкке 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) ұсынылған және ақша жөнелтушінің банктік шотында ақшаның жеткіліксіз болуына не болмауына байланысты картотекаға орналастырылған қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алуға арналған төлем талабы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ақша жөнелтушінің банктік шотына ақшаның түсуіне қарай орындалуға тиіс.

196. Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін ұсынылған қарыз шарты бойынша мерзімі өткен берешекті жеке тұлғаның ағымдағы шотынан өндіріп алуға арналған төлем талабы Қағидалардың 124-тармағының екінші бөлігіне, 137, 138, 139-тармақтарына сәйкес орындалады.

197. Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейінгі сот орындаушыларының инкассолық өкімі, уәкілетті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың немесе сот орындаушыларының банктік шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдері, уәкілетті мемлекеттік органдардың жеке тұлғаға немесе өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерге ашылған банктік шотына ұсынылған банктік

шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері Қағидалардың 150, 151-тармақтарын және 173-тармағының үшінші бөлігін ескере отырып орындалады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
аумағында қолма-қол ақшасыз
төлемдерді және (немесе)
акша аударымдарын жүзеге
асыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Банкке, Қазақстан Республикасының
бейрезидент банкінің филиалына

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ (жазылған күні) № _____ төлем тапсырма
келіп түсті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ (атауы)

ЖСН (БСН) _____

Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент
банкінің филиалы _____

Бенефициар

_____ (атауы)

ЖСН (БСН) _____

Бенефициардың банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент
банкінің филиалы _____

Делдал банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің
филиалы _____

Сомасы жазумен _____

Тауардың алынған (қызметтің көрсетілген) күні ____ жылғы " ____ " _____

Төлем белгілеу _____

ЖСК	АжК
БСК	
ЖСК	БеК
БСК	
БСК	

_____	Төлем белгілеу коды
_____	Бюджеттік жіктеу коды
_____	Валюталандыру күні

(тауардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің атауын, тауар құжаттарының нөмірлері мен күнін, шарттардың нөмірлері мен күнін және өзге деректемелерді көрсете отырып)

Басшының/уәкілетті адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Қолы _____
Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Қолы _____
банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының жауапты орындаушыларының қолдары

мөртабан орны

ЗҚАИ-ның ескертпесі!
Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтыру көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!
2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалына

_____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ (жазылған күні) № _____ бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырма

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

келіп түсті

Ақша жөнелтуші Сомасы (барлығы)

(атауы)

ЖСН (БСН) _____

Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы

ЖСК АжК
БСК

Бенефициардың ЖСК KZ24070105KSN0000000

БЕК 11

Бенефициардың банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі
БСК ККМФКZ2A

Барлығы (сомасы жазумен): _____

Бенефициардың (мемлекеттік кірістер органы) атауы	Мемлекеттік кірістер органының БСН-ы	Төлем белгілеу	БЖК	ТБК	Сомасы

Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы

_____ жылғы "___" _____ жүргізді

Басшының (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

колы _____

Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

колы _____

(банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының жауапты орындаушыларының қолдары)

мөртабан орны

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

№ _____ ақша аударуға арналған өтініш

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Күні			
Ақша жөнелтуші	Шот дебеттелсін ЖСК		
Мекенжайы (жеке және заңды тұлғалар үшін) не ақша жөнелтушінің (жеке тұлға үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	Комиссия ЖСК шотынан есептен шығарылсын		
	I	II	Ажк
ЖСН (БСН)			

I Резидент- (1); Бейрезидент - (2);

II - Экономика секторы (0-9)

Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы		Валюталандыру күні
	БСК	
Валюта	Сомасы	Сомасы жазумен
Бенефициар		Шот кредиттелсін ЖСК
Елі		
		III IV
ЖСН (БСН) (егер бар болса)		БЕК

III Резидент- (1); Бейрезидент - (2);

IV - Экономика секторы (0-9)

Бенефициар банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы		Делдал-банк
Елі	БСК	БСК
Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының комиссиясы Ақша жөнелтушінің есебінен Бенефициардың есебінен		Делдал банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының комиссиясы Ақша жөнелтушінің есебінен Бенефициардың есебінен
Келісімшарттың нөмірі, күні		Төлем белгілеу
		ТБК

Ерекше талаптар

Ақша жөнелтушінің қолдары		Банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы жүргізді
Басшының (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)		
_____		_____ жылғы " __ "

қолы _____

жауапты орындаушылардың қолдары _____

Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымша Нысан

Ақша жөнелтушінің банкіне, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалына келіп түсті

_____ жылғы " _____ " _____ (жазылған күні) № _____ жиынтық төлем тапсырма

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы

Бенефициардың банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы

Делдал банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы

Сомасы жазумен

Тауар алынған (қызмет көрсетілген) күн

_____ жылғы " __ " _____

Төлем белгілеу

БСК

БСК

Төлем белгілеу коды

Бюджеттік жіктеу коды

Валюталандыру күні

(тауардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің атауын, тауар құжаттарының нөмірлері мен күнін, шарттардың нөмірлері мен күнін және өзге деректемелерді көрсете отырып)

Ақша жөнелтушінің банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы жүргізді

_____ жылғы " __ " _____

Басшының (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

Қолы _____

Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі,

аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____

Қолы _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-қосымша алып тастау көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 105 (11.11.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
аумағында қолма-қол ақшасыз
төлемдерді және (немесе)
ақша аударымдарын жүзеге
асыру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

_____ жылғы _____ № _____

**жиынтық төлем тапсырмасына
ақша жөнелтушілердің
№ ТІЗІЛІМІ**

Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сомасы

Ақша жөнелтуші _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____	АжК _____ ЖСК _____		
Ақша жөнелтуші _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____	АжК _____ ЖСК _____		
Ақша жөнелтуші _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____	АжК _____ ЖСК _____		
Ақша жөнелтуші _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____	АжК _____ ЖСК _____		
Жалпы сомасы			
Бенефициар _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____	Бек _____ ЖСК _____		
Басшының (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) _____ _____			

Қолы _____

Бас бухгалтердің (уәкілетті адамның) тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде) _____

Қолы _____

_____ жылғы _____ № _____

**жиынтық төлем тапсырмасына
бенефициарлардың
№ ТІЗІЛІМІ**

	Жалпы сомасы		
Ақша жөнелтуші _____ (атауы) ЖСН (БСН) _____	АжК _____ ЖСК _____		
Сомасы			
Бенефициар			

